ЗАҢ газеті

zangazet@mail.ru

№49 (3477) 21 маусым 2022

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ШӨЛДЕМЕГЕН СУ ҚАДІРІН БІЛМЕЙДІ

Қазақстан су ресурсы тапшы елдер санатына жатады. Географиялық тұрғыдан алғанда, бізде табиғи су қоры өте аз және негізгі су ресурсының көзі шекаралас мемлекеттер аумағында орналасқан. Соған қарамастан біз барлық қолжетімді су ресурстарын бейберекет және үнемсіз пайдаланып отырмыз. Бұл жөнінде Мәжілістегі «Парламенттік тыңдауда» айтылды. Оған Мәжіліс пен Сенат депутаттары, орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың басшылары, су саласының ғалымдары мен мамандары, шетелдік және отандық сарапшылар қатысып, мәселе жан-жақты қырынан талқыланды.

(Соңы 5-бетте)

СҮЙІНШІ!

БАЙҚАУ! БАЙҚАУ!

«ЗАҢ» Медиа-корпорациясы» ЖШС, республикалық «Заң газеті» басылымының мұрындық болуымен өтетін Кемел Тоқаев атындағы детектив шығармалар байқауы биыл да жалғасын табады. Бесінші рет ұйымдастырылып отырған додаға Қызылорда облысының әкімдігі қолдау көрсетпек. Бұйыртса биылғы жүлдегерлерді қазан айының соңына қарай қасиетті Сыр елінде марапаттаймыз.

БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУДІҢ МАҚСАТЫ:

– Детектив жанрының атасы Кемел Тоқаевтан кейін кенжелеп қалған жанрды жандандыру;

– детектив шығармалар жазуға деген көпшіліктің ынтасын ояту;

– шытырман шығармаға қызығушылықты арттыру;

– осы жанрдың көмегімен құқық қорғау, сот, адвокаттық салада еңбек етіп жүрген мамандардың еңбегін дәріптеу.

БАЙҚАУҒА КІМДЕР ҚАТЫСА АЛАДЫ?

Соңғы үш жылда осы байқауға қатысып, бас жүлде мен бірінші орын алған адамдар байқауға қатыстырылмайды. Басқа үміткерлердің бақ сынауына толық мүмкіндігі бар.

Үміткерлер шығармасын zangazet@mail.ru эл.поштасына немесе Алматы қаласы, Досмұхамедов көшесі 68Б мекенжайына «Байқауға!» деген белгімен жолдай алады.

Байқауға жіберілген материал көлемі А4 форматында 14-шрифтпен жазылғанда 10 беттен аспауы керек. Шығармалар осы жылғы 30 қыркүйекке дейін қабылданады. Белгіленген мерзімнен кешігіп келген еңбектер байқауға қатыстырылмайды. Материалдар «Заң газетінде» және zanmedia.kz сайтында жарияланып тұрады. Сондай-ақ, детектив жанрының талаптарына сай келмейтін шығармалар қазылар назарына ұсынылмайды.

ЖҮЛДЕ ҚОРЫ ҚАНДАЙ?

Байқаудың бас жүлдесі – біреу, 1-орын – біреу, 2-орын – екеу, 3-орын – үшеу және бес ынталандыру сыйлығы қарастырылып отыр.

Биылғы жылдың бір ерекшелігі – оқырманның дауысына (дауыс онлайн жағдайда беріледі) ең көп ие болған үміткерге бірінші орынға тең дәрежеде жүлде тағайындалады. Сонымен бірге, жазуға қабілеті бар студент жастарды, жоғары сынып оқушыларын ынталандыру мақсатында да арнайы жүлде белгіленіп отыр.

Ал, құрметті оқырман!
БАЙҚАУҒА ҚАТЫСЫП, БАҚ СЫНАҢЫЗ!
ІСКЕ СӘТ!

ҚР БАС ПРОКУРОРЫ БЕРІК АСЫЛОВ ПЕН ҚР ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРІ МАРАТ АХМЕТЖАНОВТЫҢ НАЗАРЫНА!

АРЫЗДАР АЯҚ АСТЫНДА ЖАТЫР

Ержан Байбатчаев деген азаматтың республикалық «Заң газетінен» көмек сұрап жүрегеніне үшінші жылға аяқ басты. Алматы және Алматы облысының полиция басқармасына арыз жазған Е.Байбатчаевтың бармаған жері, баспаған тауы жоқ. Сеніміне қиянат жасап, адал малын қайтармай отырған күдіктілердің аты-жөні, тұрғылықты жері белгілі болғанына қарамастан, Алматы облысы Талғар ауданының полицейлері қылмыстық істі ашуға асығар емес.

2019 жылдан бері сергелдеңде жүрген Ержан Бегілдаұлының арызын БАҚ ретінде құзырлы орындарға жеткізуге тырысқанымыздан да ештеңе шықпады. Аудандық, облыстық ішкі істер басқармаларынан нәтиже болмаған соң Ішкі істер министрлігіне, Бас Прокуратураға хат жолдаған едік. Бәрінікі жаттанды жауап. Қол қойған адам басқа демесеңіз, келетін хаттың мәтіні бір. Жоғарыға жөнелткен хатымызға айналып келіп аудандық полиция бөлімі жауап береді. «Еститін Үкімет» және «Жаңа Қазақстан» деген осы ма? Шағымның жай-жапсары «Заң газетінің» 19 қараша, 2021 ж. № 92 санында «Генерал есеп білмей ме?» деген мақалада толық жазылған. Бұл жерде бірнеше заңсыздық анықталды:

1. Алматы облысы Талғар АПБ анықтаушысы Б.Жүніс істі әу бастан дұрыс дәрежелемеген. Арыз иесі Е.Байбатчаевтың 16 бас ірі қарасын сатып берем деп сенімге қиянат жасап алып кеткен М.Қамыспаевтың үстінен алаяқтық бойынша емес, ұрлық бойынша іс қозғаған. Онымен қоймай, анықтаушы Б.Жүніс істі соңына дейін жеткізбеген. Арызданушының сөзін тыңдамайды, дұрыс жауап бермейді. Екі жылдан бері «қылмыстық құрам жоқ» деп арызданушының телефонына СМС хабарлама жазудан шаршамай келеді. Осы істі Талғар ауданының прокуроры 7 рет бұзған, бірақ ешқандай тиісті бақылау жоқ. Ал полициядан әрекет жоқ.

Аудандық полиция мен прокуратура хат жазып, жаттанды жауап беруден аспаған соң Алматы облыстық ПД бастығының атына сауал жолдаған едік. Онда: «Шағым қаралды. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында М.Қамысбаев сізге тиесілі ірі қара малдың жартысын сатып, 1 230 000 теңгені қолхатпен қайтарған. Ал сатылмай қалған 5 бас мал М.Қамысбаевтан алынып, оған қолхатпен қалдырылды. Аталған малдың Сізге тиесілі екендігі анықталған соң, оларды алып кетуге болады» деген жауап келді. Қамысбаевтың сатып берем деп алып кеткені 16 бас. Оның бесеуінің ақшасын анықтаушының көмегімен ғана қайтарған. Ал қалған малдың ақысын әлі бермеген. Сонда «Ал сатылмай қалған 5 бас мал М.Қамысбаевтан алынып, оған қолхатпен қайтарылды. Аталған малдың Сізге тиесілі екендігі анықталған соң, оларды алып кетуге болады» дегенді қалай түсінуге болады? Бұл шындыққа мүлдем жанаспайды. Осы жауап хаттың өзі полиция қызметкерлерінің хаттарды толық оқымайтынын, арызға мән бермейтінін, өз қызметтеріне салғырттықпен немқұрайлы қарайтынын және жаттанды жауап беруді әдетке айналдырғанын көрсетпей ме?

Шын мәнісінде жағдайдың қалай болғаны туралы Е.Байбатчаевтың Талғар аудандық полициясына 10.09.2021 жылы жазған қосымша арызында түсінікті етіп толық көрсеткен, яғни сатылмаған 11 бас малды М.Қамысбаев оған ескертпей, сыбайласы Біржан Ақпаевқа алдын ала сөз байласумен бірігіп пайда табамыз деп апарып берген. Ол болса малдарды өзіне иемденіп алып талан-таражға салған. Бұл жерде Е. Байбатчаев пен Б. Ақпаевтың арасында мал туралы ешқандай әңгіме де, келісім де мүлдем болмаған.

(Соңы 2-бетте)

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ ӘКІМІНІҢ НАЗАРЫНА!

ТҰРҒЫНДАР ҚАЛА ӘКІМІНЕ ӨКПЕЛІ

Мемлекет басшысы 2020 жылғы 1 қыркүйектегі жолдауында «Заң үстемдігі орнықпаса және азаматтардың қауіпсіздігіне кепілдік берілмесе, әлеуметтік-экономикалық дамудың бірде-бір міндеті табысты жүзеге асырылмайды.

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» – бұл, шын мәнісінде, «Әділетті мемлекет» құру тұжырымдамасы. Азаматтардың мәселелерін тыңдап, көріп қана қою жеткіліксіз. Ең бастысы – дұрыс және әділ шешім шығару қажет» деген еді. Ал шынайы өмірде Президент сөзін елемейтін мемлекеттік құрылымдар көп. Алматы қаласы Бостандық ауданының Жароков көшесінде орналасқан жеке тұрғын үй иелерінің сөзіне қарағанда, олар бірнеше жылдан бері қала әкіміне жолдаған шағымдарына жауап ала алмай жүр.

(Соңы 2-бетте)

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ ӘКІМІНІҢ НАЗАРЫНА!

ТҰРҒЫНДАР ҚАЛА ӘКІМІНЕ ӨКПЕЛІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бізге көмек сұрап хабарласқан тұрғындар көшедегі құжатсыз салынған кеңсеге келетіндердің көліктері кептеліс тудырып, өз үйлеріне кіріп-шығудың мұң болғанын жеткізді. Бұл жағдайдан атқарушы билік өкілдері де құлағдар. Көшеде жол-көлік оқиғасы жиі орын алатындықтан, мемлекеттік авто инспекция қызметіне жүгінетіндер өте көп. Өкінішке қарай, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тиісті аудандық, қалалық әкімдіктер мен өзге де мемлекеттік органдар шешім қабылдауға келгенде салғырттық көрсетуде.

Көшеде Алматы қаласы тұрғындарының 30 пайызын ауыз сумен қамтамасыз етіп тұрған қалалық су құбыры мекемесінің стратегиялық маңызы бар нысаны орналасқан. Кептелістен олардың құтқару қызметі көліктерінің жүріп-тұруы да қиындаған. Олар өз тарапынан қала әкімдігіне соңғы 1 жылдың ішінде екі рет мәселені шешуді сұрап, ресми хат жолдағанымен, әлі күнге дейін бірде-бір жауап ала алмаған.

Біз жағдаймен танысу үшін кеңсе ғимаратына бас сұққанбыз. Өзін кеңсе әкімшісі деп таныстырған азамат, бізде бәрі заңды. Көшеге кейбір қызметкерлеріміз бен кеңсеге келген өзге де адамдар көліктерін қояды. Көше ешкімнің меншігі емес, кім көлік қоям десе де өз еркі дегенді айтты.

Бұл туралы тұрғындардың пікірін сұраған едік, олар бәріне кеңсе ғимаратының иесі кінәлі дегенді алға тартты.

– Мен бұл жерде 2005 жылдан бері тұрамын. Біздің көшедегі жүріп-тұрысымыз 2019 жылы осында кеңсе ғимараты салына бастағаннан қиындады. Жер негізі жеке сектор ғой. 2 қабатты үйдің орнына кеңсе сала бастағанда біз нысанды салып жатқандардан «арнайы автотұрағы бола ма» – деп сұрағанбыз. Бәрі болады, уайымдамаңыздар деп уәде берген. Алайда, бірнеше жылдан соң көшеден көлікпен жүрмек тұрмақ, үйге кіре алмайтын жағдайға жеттік. Кеңсеге келіп-кететін көліктер жолды жауып қалатындықтан бұл жерде екі күннің бірінде авария болып, МАИ шақырамыз. Қала әкімі Б.Сағынтаев боп тұрғанда өз басым 3 рет, ал Е.Досаев әкім болғалы бері 2 рет жағдайды айтып, хат жаздым. Осы күнге дейін бір де біріне жауап алған жоқпын. Қалалық сәулет басқармасына да шағым жазғам, ол жерден «кеңсе ғимараты тіркелмеген құрылыс» деген қағаз алдық. Әне-міне тексеріп қараймыз дегелі бірнеше ай болды. Олардан да әлі жауап жоқ, – дейді өзін Бауыржан Ибраев деп таныстырған азамат.

Оның айтуынша, көшенің астында қалалық су құбыры мекемесінің құбырлары жатыр. Тозығы жеткен ескі құбырлар жиі жарылады. Сондықтан құтқару қызметін шақырып, үйінің алдындағы көшенің опырылған жерін бірнеше рет жеке қаржысына жасатып, арнайы белгі орнатып, үстіне көлік қойдырмауға мәжбүр болған. Кезінде көшедегі асфальтты да тұрғындар қаржы жинап, өздері төсеткен екен. Көше ешкімнің жекеменшігіне жатпағанымен, оның жағдайы әкімшіліктің қадағалауында болуы тиіс қой. Көліктердің көшеден еркін жүріп-тұруына жағдай жасау үшін арнайы сызық жүргізу жеке азаматтардың емес, құзырлы мекемелердің рұқсатымен жүзеге асатын шаруа.

«Бұл көшеде өздігінен жүре алмайтын қарт кісілер де бар. Жедел жәрдем көлігін шақырсақ кіре алмайды. Сондықтан кейде бір адам алдынан шығып, көшедегі көліктерден жол ашпаса, олар да келмейді. Осы жерде тұрып жатқаныма 20 жылдан асты. Біздің көшедегі кептеліс бұрыштағы алғашқы кеңсе ғимараты салынған соң басталды. Енді мұнда тағы бір кеңсе салып жатыр. Ол ашылса жағдайымыз не боларын білмеймін. Мұнда такси шақыру да қиын. Өйткені, көлік тұрмақ, жаяу адамның жүруі қиындап кетеді кей кезде. Тіпті, жаяу жүргіншілерге жол бермей, ұрсысатын көлік жүргізушілері де бар», – деген зейнеткер Фатима Саубосынова Мемлекет басшысы айтып жүрген «Еститін үкіметтің» шарапатын көру үшін тағы қанша жыл күтуіміз керек деп өзімізден сұрады. Біз енді бұл сұрақтың жауабын қала әкімі Ерболат Досаев мырзадан күтеміз.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ҚР БАС ПРОКУРОРЫ БЕРІК АСЫЛОВ ПЕН ҚР ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРІ МАРАТ АХМЕТЖАНОВТЫҢ НАЗАРЫНА!

АРЫЗДАР АЯҚ АСТЫНДА ЖАТЫР

(Соңы. Басы 1-бетте)

Сондықтан дау азаматтық-құқықтық сипатқа жатады деген жауап негізсіз. М.Қамысбаев пен Б.Ақпаевтың алаяқтық іс әрекеттері тайға таңба басқандай анық көрінеді. Бірақ бұл қосымша арыз полицияда тіркелгенімен, әлі жауапсыз жатыр. Оның үстіне, Е.Байбатчаевтың қолды болған малының үш жыл ішінде қаншаға көбейетінін есептеу қиын болмас.

2. Талғар ауданы прокуратурасымен 28.042017 жылғы №171962031001865 Е.Байбатчаевтың арызы бойынша тергеп-тексеру мерзімі үзілген қылмыстық іс сан рет бұзылып, қажетті тергеу әрекеттерін жүргізу үшін аудандық полицияға жолданған. Төрт жылдан асса да әлі еш нәтиже жоқ. Осы ұрлық жөнінде ауыл тұрғыны Н.Тлеубаевтың да малдарын дәл сондай әдіспен ұрлағаны туралы 15.11.2021 жылы бірігіп жазған арызы Талғар аудандық полициясында тіркелген, бірақ ол да әлі күнге дейін еш нәтижесіз.

3. Бұдан бөлек Алматы қаласы Алмалы аудандық ішкі істер басқармасында Е.Байбатчаевтың арызы бойынша М.Абыкешовке алаяқтық жасағаны үшін 24.04.2019 жылы №1975-3179 қозғалған қылмыстық істен де күні бүгінге дейін ешқандайда нәтиже де, жауап та жоқ.

4. Бұл аздай, Амиржанова Сажида Темирбайқызы Ержан Байбатчаевтан малыңды бағып береміз деген желеумен алдын ала жалақы ретінде 50 мың теңгесін алып, қашып кеткен. Бұл әйелдің де жеке басын анықтайтын деректер толық бар. Бірақ, қанша арызданса да Алматы қаласы Наурызбай аудандық полиция бөліміндегілер қылмыскерді іздегісі келмейді. Міне екі жылдан асты, алаяқ әйелді әлі таппаған. Ал ол әйелдің осы уақатқа дейін талай адамды алдап, алаяқтық жасап зар қақсатып жүрмегеніне кім кепіл?

Е.Байбатчаев осы көрсетілген фактілер бойынша арыздардың қатаң бақылауға алынып, тиісті қызметтік тексерулер мен сотқа дейінгі тиісті тергеп-тексеру амалдары әлі де дұрыс жүргізілер деп үміттеніп отыр. Сонымен қатар, талай жыл сарсаңға түскен азамат құқық қорғау органдары қызметкерлерінің бірнеше заңсыз лас іс қимылына куә болғанын айтып, мәліметті өзіндік қауіпсіздік қызмеркерлерімен бөлісуге дайын екенін жеткізді.

А. САТЫБАЛДЫ,
«Заң газеті»

АЙМАҚ

ӘКІМДІКТІҢ TELEGRAM-АРНАСЫ БЕЛСЕНДІ БАЙЛАНЫС АЛАҢЫНА АЙНАЛДЫ

Техниканың қарыштап дамып, ақпараттың секундта шартарапты шарлап кететін кезеңінде билік пен бұқара арасын байланыстыратын «алтын көпірдің» әдісі де, талабы да өзгеріп тұр. Шегі жоқ қат-қабат қағаз жинап, уақыт созып, жүйке тозып әкімдіктің есігін қағып, әр басшыға мұңын жеткізетін кез келмеске кетті.

Маңғыстау облысы әкімдігінің халыққа жылдам, қысқа, нақты жауап беруді көздеген жеке telegram-каналын ашқанына 9 айдың жүзі болды. Әлеуметтік желі қосымшасына тұрғындардан күн сайын 30-дан астам сұрақ келіп түседі. Мұның өзі билік пен халық арасында тығыз байланыс қалыптасқанының көрінісі. Тұрғындарды толғандырған сауалдардың 80 пайыздан астамына лезде жауап беріліп отыр.

Жергілікті әкімдіктің telegram қосымшасы өңір басшысы Нұрлан Ноғаевтың тапсырмасымен 2021 жылдың 31 қыркүйегінде ашылған болатын. Мақсат – мемлекеттік органдардың халықпен кері байланысын арттыру. Чатқа барлық мемлекеттік қызметшілер, атап айтқанда облыс әкімі, қалалар мен аудандардың әкімдері, басқарма басшылары тіркелген. Қазір бұл чатты қолданушылар саны 10 105 адамға жетті. Алда оның қатары әлі де көбеюі бек мүмкін. Өйткені, тараптар арасындағы байланыстың сапалылығы қолданушылардың көңілінен шығып келеді. Мәселен, осы уақытқа дейін telegram-каналға барлығы 7 522 сұрақ келіп түсті. Оның 7483-іне нақты жауап берілді. Келіп түскен сұрақтар бір-екі жұмыс күнінің ішінде шешімін тауып отыр.

Бұл желіде тұрғындар өздерін мазалаған сұрақтарды қойып, жауабын алуда. Оған тіркелу үшін ұялы телефонда telegram қосымшасы болса жеткілікті. Telegram чатта бір аптада 150-ден аса сұрақ қойылады. Оларды сұрыптап, тиісті орындарға жолдап, жауап қайтарылуын қадағалаумен Маңғыстау облысы Қоғамдық коммуникация орталығының мамандары айналысады.

«Telegram арна ашылғаннан бері тұрғындардан көптеген хаттар келіп түсуде. Оларды көбіне ауыз сумен қамту, коммуналдық сала мен мемлекеттік қызмет көрсету түрлері туралы мәселелер жиі мазалайды. Сондай-ақ, өңірді дамыту бойынша өз ұсыныстарын білдіретін тұрғындар да бар. Чатқа келіп түсетін әрбір сұрақ мамандардың бақылауында. Тұрғындардан қандай да бір шағым, не ұсыныс, сұрақ келген сәтте тиісті басқармалар мен жауапты орындарға жолдап, жауап беруін қадағалаймыз. Бүгінгі таңда облыс әкімдігінің telegram каналы тұрғындардың түрлі проблемаларын жергілікті билік пен жауапты мекеме басшыларына ашық жеткізетін алаңға айналды», – дейді Маңғыстау облысы Қоғамдық коммуникация орталығының әлеуметтік желімен жұмыс бөлімінің маманы Аяжан Қайдар.

Telegram-арна – әлеуметтік желінің ашық түрі. Сондықтан да мұнда тыйым салынған тақырып жоқ. Өңір тұрғыны өзін толғандырған кез келген сұрақты қоя алады. Бірақ арнаның өз ережелері бар. Пайдаланушылар қарым-қатынас этикасын сақтап, адамдардың жеке басына тиісіп, балағат сөз жазуына болмайды. Сонымен қатар түрлі жарнамаларға да шектеу қойылады.

Жазира
ҚУАНЫШБЕКҚЫЗЫ

БАҒДАР

РЕФОРМАНЫ ЖАСАЙТЫН ДА, ІСКЕ АСЫРАТЫН ДА – СУДЬЯЛАР

Қазақ елінің құқық мәдениеті ежелден қалыптасқан және ол әр кезеңде дамып, жетілдіріліп келеді. Ханның дәуірдегі қазақтар би-шешендердің алдына барып дауын шешсе, Кеңес өкіметі тұсында халық соты, үш буынды сот болды. Тәуелсіздік алған соң сот жүйесі ескі кеңестік сарқыншақтардан арылды, қолданысқа жаңа институттар енгізілді, жаңа заңдар қабылданып, судьялар корпусының тиімді қызмет етуі үшін тәуелсіз сот жүйесінің қағидатына негізделген база қалыптасты.

Қазақ сотының тарихы қанша тереңде жатқанымен, бұл саланың өкілдері енді ғана төл мерекелерін тойлағалы жатыр. Иә, биылдан бастап 24 маусым – Судья және сот қызметкерлерінің күні болып белгіленді.

Өткенге көз салсақ, тәуелсіздіктен кейінгі алғашқы жылдары сот жүйесі ескі кеңестік сот жүйесінен тәуелсіз Қазақстанның жаңа сот жүйесіне көшу кезеңін өткерді. 1995 жылы Конституциялық заң күші бар «Сот жүйесі және судьялар мәртебесі туралы» жарлығы қабылданды. Бұл судьялар қызметіне, жауапкершілігіне, оларға қойылатын талаптарға жаңаша леп берді. Конституциямызда соттардың құрылу және қызмет етуінің конституциялық қағидаттарына арналған арнайы «Соттар және сот төрелігі» атты жаңа бөлім (7-ші) қосылды. Нәтижесінде соттар мемлекеттік билікті жүзеге асырудың тікелей формасы ретінде қабылданып, сот төрелігінің түбегейлі жаңа ережелері енгізілді, сот ісін атқаратын органдардың заң шығарушы және атқарушы билік тармақтарынан тәуелсіздігі нығайды. Судьяларды Президент тағайындайтын болды. Бұл да елеңалаңда қызмет атқарған судьялардың болашаққа деген зор сенімін, жүйелі көзқарасын қалыптастыруға үлкен мүмкіндік берді.

Осыдан кейін сот жүйесінде үлкен реформалар, ілгерілеу, жаңашылдықтарды енгізу үздіксіз іске асырыла бастады. Қазақстан судьяларының съезін өткізу дәстүрге айналды, Судьялар одағы құрылды. 2000 жылдың 25 желтоқсанында «Қазақстан Республикасының сот жүйесі және судьялар мәртебесі туралы» Конституциялық заңы, Судьялардың әдеп кодексі қабылданды. 2000 жылдардан бастап мамандандырылған соттар құрылды, Алқабилер, Медиация институты енгізілді. Цифрландыру жүйесіне толық көшті.

Жүйеде болып жатқан осындай ауқымды өзгерістерді дер кезінде меңгеріп, заман талабына сай қызмет ету үшін судьяларға да қойылатын талаптар күшейтіліп отырды. Бүгінде судьялыққа үміткерлердің еңбек өтілі мен жасына байланысты талаптар өзгертілді. Судьяларды қызметте өсіру жүйесі, біліктілік талаптары қатаң күшейтілді, үміткерлердің жылдық тағылымдамадан өту тәртібі енгізілді. Сот төрелігі академиясы болашақ судьялардың жаңа буынын өсіріп, оқытып, тәрбиелеуде. Сонымен қатар, судьялыққа тағайындалғандардың бір жылдан соң және бес жылдан соң қызметі бағаланады.

Судьялардың жоғары әлеуметтік мәртебесіне сай әлеуметтік мәселелері де өз шешімін тапқан. Отставкаға шыққан судьяларға өмір бойы зейнетақы төленеді. Осылайша тәуелсіздікпен бірге түлеген сот жүйесі бүгінде айтарлықтай жетістікке жетіп,

халықтың сенімін ақтап келеді. Сот саласындағы реформалар өтпелі кезеңнің көшін қаңтармай, жүгін аудармай аман алып өтіп, еліміздің тұтастығы мен ішкі тұрақтылығын қамтамасыз етті. Сондықтан, әр жылдары ұсынылған сот саласындағы реформалардың орны ерекше. Реформаны жасап жатқан да, іске асырып жатқан да судьялар мен сот қызметкерлері. Сондықтан барша әріптестерімді төл мерекемізбен құттықтаймын! Ортақ мақсатымыз – қазақстандық құқық қорғау және сот жүйесін реформалау, оны одан әрі дамыту ісіне қолымыздан келгенше атсалысып, сот саласын дамытуға үлесімізді қосу. Осы мақсатты іске асыруда әрбіріңізге абырой, бақ пен береке, күш пен қуат тілеймін!

Айдарбек ТЛЕНОВ,
Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының төрағасы

№49 (3477)
21 маусым 2022
zangazet@mail.ru
ЗАҢ газеті

МӘСЕЛЕ

ЖАҢА ЗАҢ БЮДЖЕТТІҢ БҮЙІРІН ТОЛТЫРА МА?

Дәрілік өсімдіктердің шикізат қоры таусылуда. Оны Парламент Мәжілісінің отырысында талқыланған «Өсімдіктер дүниесі туралы» заң жобасы бойынша жасаған баяндамасында Экология, геология және табиғи ресурстар министрі мәлімдеді. Серіккали Аманғалиұлының айтуынша, Қазақстанның өсімдіктер дүниесі ағаш-бұта және шөп өсімдіктерінің 6 мыңнан астам түрін құрайды. Оның 1,5 мыңға жуығы дәрілік өсімдіктер (230 түрі ресми медицинада танылған), 390-ы Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген, 110-ы реликті өсімдіктер, 700-і эндемикалық өсімдіктер.

– Қазіргі уақытта экспортталатын дәрілік өсімдіктердің 14 түрі бар. Оған мия, ферула, цистанхе, Түркістан сабын тамыры және басқалар кіреді. Реттеусіз қолданылуына байланысты дәрілік өсімдіктердің шикізат қоры таусылуда. Дәрілік өсімдіктерді бақылаусыз жинау көлемінің өсуіне сыртқы нарықтардағы сұраныстың өсуі ықпал етеді. Кедендік статистика деректері бойынша қазақстандық мия тамырын өткізудің негізгі нарықтары Қытай, Түркия және АҚШ болып табылады. Мысалы, Қытайға 2018 жылдан 2021 жылға дейін 32,7 мың тонна мия тамыры экспортталды. Бұл Ботаника және фитоинтродукция институты ұсынған мия тамырын нақты өңірлер бойынша дайындау көлемінен едәуір асып түседі, – дейді министр.

Жалпы, «Өсімдіктер дүниесі туралы» заңды қабылдау құқықтық аспектіде – заңнамадағы олқылықтар мен қайшылықтарды жою және өсімдіктер дүниесін қорғау, молықтыру және пайдалану мәселелерін реттеуге мүмкіндік береді. Ал әлеуметтік-экономикалық аспектіде – халықты жұмыс орындарымен қамтамасыз ете отырып, шағын және орта бизнесті дамыту үшін жаңа мүмкіндіктер береді.

Жабайы алма мен өрікке қауіп қайдан төніп тұр?

Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің пайымдауынша, өсімдіктер дүниесіне қатысты еліміздегі реттелмеген мәселенің бірі – республиканың аумағына өсімдіктердің бөтен түрлерін бақылаусыз әкелу болып табылады. Сырттан енгізілген өсімдіктердің бөтен түрлеріне қатысты жағдайға «Медеу» табиғи паркінің аумағында таралуы байқалған «Асер Негундо» үйеңкі ағашы. Солтүстік Америкадан әкелінген бұл түр кәдімгі өрік пен Сиверс алмасын ығыстырады.

«Елімізге инвазиялық зиянкестермен және аурулармен залалданған бөгде өсімдік ресурстарын әкелу қаупі бар. Мысалы, Алматы қаласының жасыл екпелерінде каштанды зақымдайтын охрид егеуішінің, сондай-ақ емен екпелеріне зиян келтіретін емен егеуішінің белсенді таралуы байқалады. Осылайша, нормативтік-құқықтық базаның болмауы және өсімдік дүниесі объектілерін бақылаусыз пайдалану табиғи өсімдік ресурстарының сақталуына теріс әсер етіп қана қоймай, дәрілік өсімдіктерді өндіруге және қайта өңдеуге салынатын инвестицияларға кедергі келтіреді», – дейді министр Серіккали Брекешев. Оның сөзіне қарағанда, қазіргі уақытта өсімдіктер дүниесін пайдалануды реттеуге байланысты жекелеген нормалар орман, экология, жер, су, кәсіпкерлік кодекстерін, «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» және «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» заңдарын қамтиды. «Өсімдіктер дүниесі туралы» заң Қазақстан қол қойған халықаралық конвенциялардың ережелеріне де негізделген. Жобаны әзірлеу кезінде халықаралық тәжірибе ескерілді. Мұндай заңдар Австралия, Канада, Оңтүстік Корея және Еуропалық Одақ елдері мен Армения, Беларусь, Қырғызстан, Түркіменстан, Өзбекстан, Украина сияқты жақын және өзге де серіктес елдерде де бар.

Жасыл желектерді құру тәртібі белгіленеді

Министрдің айтуынша, заң жобасы табиғи жағдайларда өсетін өсімдіктер дүниесі нысандарын, сондай-ақ, генетикалық қорды сақтау мақсатында арнайы жағдайларда ұсталатын жабайы өсімдіктер мен олардың бөліктерін қамтитын болады. Оның ережелері ауыл шаруашылығы өсімдіктеріне, сондай-ақ, үй маңындағы, саяжай және бау-бақша учаскелеріндегі өсімдіктер дүниесі нысандарына қолданылмайды. Заң жобасында өсімдіктер дүниесі нысандарын түгендеу, мемлекеттік мониторинг және кадастр тәртібі айқындалады.

С.Брекешев соңғы жылдары қабылданып жатқан өзге де заңдар секілді бұл жобада да болашақ бюджеттік түсімнің назардан тыс қалмағанын жасырмады. Әрине бұл шұрық-тесік бюджеттің бүйіріне бұйым болмауы да мүмкін. Дегенмен, күріштің арқасында күрмек су ішеді дегендей әлі бір қайнауы ішінде қалып, қоғамдық талқылауда жан-жақты қарастырылмай қалған мәселелер заңнан кейін жасалатын нормативтік құжаттарда көкпарға түскен лақтай боп әркімнің тақымында кетпесіне ешкім кепілдік бере алмайды.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті

ТҮЙТКІЛ

Адамнан қулық артылмайтындығына сіз бен біз күн сайын куә болып жүрміз. Бірер жыл бұрын кез келген жеке тұлғаның ИИН (жеке сәйкестендіру нөмірі) арқылы несие алатын алаяқтар шыққанын естігенде бәріміз таң қалып ек. Ал, қазір оларда заман талабына сай дамып, ендігі кезекте өзіңізге қоңырау шалып, банк счетыңыздағы қаражатты оп-оңай ғана шешіп алуға ниеттеніп жүр. Бұл мәселеде кейбір «сәтті» шыққан «операциялары» да жоқ емес.

АЛАЯҚТАР АЗАЯР ЕМЕС

Оңай олжаны мақсат еткендердің схемаларын тізіп көрелік: Olx, Market, Kolesa сынды алу-сату желілерінде, басқа да түрлі жолдармен алаяқтар өздерінің құйтырқы әрекеттерін іске асырып жүр. Әртүрлі желілер, бірақ схема бір: сізге кезекті сатып алушы болып хабарласып, тауардың жағдайын сұрап, басқа қаладан екендігін және сізге курьер жіберіп қойғанын алға тартып, келісімшартқа өзіңіздің мәліметтеріңізді толтыруыңызды өтініп сілтемені жібереді. Ал сіз еш күдіктенбестен сұраған мәліметтің барлығын толтыра саласыз, осылайша алаяқтардың өз мүдделеріне іске асыруға сіз де байқамай атсалысып кетесіз. Бірақ, әр мәселеге сыни көзқараспен қарайтын азамат болсаңыз сіз бұл арбауға бірден түсе қоймайсыз. Біз осы мақаланы әзірлеу барысында бүгінгінің алаяқтарына алданған азаматшаны таптық.

Майра, Тараз қаласының тұрғыны:

«АРБАУҒА ТҮСТІМ...»

– 2022 жылдың 9 мамырында орыстілді бөгде әйел қоңырау шалып, Алматыдан хабарласып тұрғанын және менің атымнан несиеге өтініш беріліп жатқанын айта бастады. Оны аса тыңдай қоймап едім, артынша қайта хабарласып банктегі бас маманмен қосты, сонан ол кісі өзін Сергей деп таныстырып, өздерінің Алматыдағы бас кеңседен хабарласып отырғанын айтты. Сонан соң мән-жайды түсіндермек кейіп танытып «Whatsapp» арқылы қайта хабарласты. Мені алаяқтардан қорғайтынын, олардың барлық банк жүйелеріне қолжетімділігін үзетінін, сонымен қоса менің счеттарыма қауіпсіздік қызметін жүргізгелі отырғанын түсіндірді. Осыдан соң «ForteBank» атынан хабарлама жіберді, маған 4 жыл бойы келіп жүрген хабарлама қайта келді. Яғни, ол банкте өзімнің төлеп жүрген несием болатын. «Күмәнданбауыңыз үшін «ForteBank» ресми сайтынан хабарлама жіберем, ол жерде құпия код болады, осылайша менің алаяқ емес екендігіме көз жеткізе аласыз», – деп сендіре кетті. Артынша маған тағы бір «мы не можем одобрит вам кредит», деп хабарлама келді, мұны ол кісі алаяқтарды әшкерелеу барысында болып жатқан жайт екенін, одан соң олардың айтқандарын жасап отырсам әккілерді әшкерелейміз деді. Осылайша шүбә келтірмей айтқандарын жасап, кодтарды айтып отырдым. Осылайша «Халық банкінен» бас-аяғы 1 315 846 тг, «Еуразия» банкінен 2 млн теңге онлайн форматта рәсімдеген болды.

Мұның барлығы 2022 жылы 9 мамыр, яғни демалыс күні болды, 11 мамыр жұмыс күні банктерге барып тағы көз жеткізбек ниетте сұраганымда банк менеджерлері алданганымды айтты. Бұдан кейін барлық органдарға арызданып, арпалысқа түскен жайым бар.

СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

Жамбыл облысы ПД баспасөз қызметі:

«ЖЕКЕ ДЕРЕКТЕР ЕШКІМГЕ БЕРІЛМЕУ КЕРЕК»

– Интернет-алаяқтықтың статистикасы мен оқиғаларына қысқаша сараптама жасап беріңізші.

– Ағымдағы жылдың 5 айдағы қорытындысы бойынша интернет-алаяқтықпен байланысты 135 іс тіркелген, олардың ішінде 42 іс ашылды. Ал 2021 жылы жалпы саны 247 іс тіркеліп, 88-і ашылған.

Талдау көрсеткендей, тіркелген 135 интернет-алаяқтықтың: 36 фактісі қаржы саласында орын алды, атап айтқанда ақшаны көбейту туралы күмәнді жобаларға қатысу, кредиттер рәсімдеу, банк қызметкері атынан қоңырау шалу арқылы жасалған алаяқтықтар; 99 жағдайда онлайн-сатып алу, онлайн қызмет көрсету саласымен байланысты болды.

Жыл басынан интернет-алаяқтықпен айналысқан 10 тұлға ұсталып, қылмыстық жауапкершілікке тартылды, олардың 5-уі басқа облыстардың тұрғындары болды (Алматы, Шымкент, Қызылорда т.б.). Жыл сайын жедел тергеу тобының (ЖТТ) сандық және сапалық құрамы қайта қаралып жаңартылып отырады, сондай-ақ облыстық ҚАПБ жауапты қызметкерлерінің қылмысты ашуға бағытталған жұмыстары 10 күн сайын ПД басшылығымен тексеріліп отырады.

Бүгінгі таңда алаяқтық елімізде ең көп таралған қылмыс түрлерінің бірі болып қала береді. Ақпараттық технологиялардың дамуымен және оларды қолдану аясының кеңеюімен қатар, алаяқтықтың жаңа түрлері, соның ішінде интернет-алаяқтық пайда болуда, олардың саны жыл сайын артып келеді. Интернет-алаяқтықтың бір ерекшелігі – қылмыскерлер тек Қазақстанда ғана емес, одан да тыс жерлерде болуы мүмкін, яғни қылмыстың бұл түрі халықаралық сипатқа ие екендігін жасыра алмаймыз. Бұл қылмыстарды ашу өте қиын, өйткені қылмыскерлер оларды тіркеу кезінде де, ақша алу кезінде де деректерді жасыратын ақпараттық технологияларды қолдана отырып жүзеге асырады. Көптеген карточкалық аударымдар бойынша мұқияттылықты, ақыл-ойдың өткірлігін және көп уақытты қажет ететін көптеген операциялар мен басқа да процедуралық шаралар жүзеге асырылады.

Азаматтардың интернет-алаяқтық туралы әрбір өтініші бойынша сотқа дейінгі тергеу жүргізіліп, оның барысында біз белгілі бір сот-тергеу практикасын, оларды ашу және тергеу әдістемесін әзірледік.

– Аталмыш жағдайға ұрынған азаматтар мен азаматшалардың бірінші қадамы қандай болуы тиіс, қай жаққа арызданып, нендей құжаттар өткізу қажет?

– Кімде-кім интернет-алаяқтықтың құрбаны болса, бірінші кезекте арызбен тұрғылықты мекенжайыңыз бойынша немесе жақын жердегі полиция бөліміне жүгінуіңіз қажет. Осыдан кейін құжат тіркеліп, тергеушімен әрі қарай қаралатын болады.

– Халық интернет алаяқтарынан қорғану үшін қандай қауіпсіздік шараларын қолдануы тиіс?

Интернет қылмыскерлердің құрбаны болмау үшін келесі қауіпсіздік шараларын қатаң сақтау керек:

– өзіңіздің төлқұжат және өзге де дербес деректеріңізбен бөліспеңіз, банк карталарының нөмірлерін, пин-кодты, сондай-ақ ұялы телефоныңызға келіп түскен SMS құпия сөздерді, тіпті егер сізге өзін банк қызметкерлері ретінде таныстырса да ешкімге хабарламаңыз;

– жарнамадағы ақпаратты мұқият және толық оқып шығыңыз, әсіресе, кішігірім шрифтпен жазылғанды оқыңыз;

– тиімді ұсыныстарға сын көзбен қараңыз;

– тауарды сатып алу (сату) кезінде алдын ала төлем жасауға келіспеңіз;

– белгісіз тұлғаларға ақша аударманыз;

– тартымды немесе күмәнді шарттармен мәміле жасауға асықпаңыз;

– байланыссыз төлемдер кезінде карта бойынша шығыс лимитін орнатыңыз және мүмкін транзакциялардың мөлшерін шектеңіз;

– өз құжаттарыңызға (жеке куәлік, банк картасы) қолжетімділікті шектеңіз, құжаттардың фотосуреттерін ешкімге жібермеңіз, себебі келешекте зиянкес микрокредиттік қаржы ұйымдарында микро қарызды ресімдеуі әбден мүмкін.

Ғани ЕРКІНҰЛЫ

КӨКЕЙКЕСТІ

ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ – ҰЛТТЫ ҰЙЫСТЫРАТЫН АЛАҢ

Мемлекет басшысының Ұлытауда өткен Ұлттық құрылтайдың I отырысында көтерген ең бірінші мәселе – Қазақстан Республикасының атауына қатысты болды. «Кейбір азаматтарымыз референдум кезінде мемлекеттің атауы да өзгеруге тиіс еді деген пікір айтып жүр. Олар «Қазақстан» атауындағы «стан» сөзін елімізге де, бүкіл Азияға да жат ұғым деп санайды. Мұны да қисынды деп айтуға болмайды. Себебі, әлемде дәл осындай Пәкістан, Үндістан, Ауғанстан және Орталық Азия мемлекеттері бар», – деген Қ.Тоқаев 30 жыл ішінде қол қойылған халықаралық келісімшарттар мен бекітілген мемлекеттік шекараны еске түсіріп, осындай жағдайда мемлекетіміздің атауын өзгерту жауапсыз шешім болар еді деп өз өз ойын білдірді. ҚР Президентінің пайымдауынша, бұл – ұлттық қауіпсіздігімізге және халқымыздың бейбіт өміріне тікелей әсері бар маңызды мәселе.

«Жаңа Қазақстан бір күнде немесе бір жылда құрылмайтыны анық. Бұл – бүкіл қоғамды өзгертетін күрделі әрі ұзақ үдеріс. Мұны жүзеге асыру үшін бір ғана билік әрекет етсе, бұл, әрине, жеткіліксіз. Бүкіл ел болып жұмылсақ, көздеген мақсатымызға жетеміз. Сол себепті, мен жолдауымда Ұлттық құрылтай шақыру туралы бастама көтердім. Құрылтай шақыру ертеден келе жатқан ата дәстүріміз екенін жақсы білесіздер. Бабаларымыз маңызды мәселелерді осындай алқалы жиында талқылаған. Халық өзара ақылдаса отырып, бір тоқтамға келген. Мұндай шешімдер бүкіл елді біріктірген» деген ҚР Президентінің Ұлттық құрылтайдың төрағасы ретінде айтқан сөзі Қазақстан Республикасының атауына қатысты дауға әзірге нүкте қойғандай болғанымен, ол болашақта қайта қозғалмауына ешкім кепілдік бере алмайды. Өйткені, «Біз ұлтты ұйыстыратын парасатты, тың идеялар мен ұсыныстарға айрықша мән беруіміз қажет. Бұл – Ұлттық құрылтайдың ең басты міндеті» деген Мемлекет басшысы Құрылтайдың алдында тұрған бірінші бағыт ретінде атаған «Жалпыұлттық бірлікті нығайтудың» басты мақсаты – демократия дәстүрі жетілген, мықты азаматтық қоғам құру. Яғни, ҚР Тұңғыш Президентінің «Мемлекеттілігіміздің діңгегі – қазақ халқы. Ел де, жер де – қазақтікі. Ел болудың ұяты да біздің халықтың мойнында» дегендей ата-бабамыздан мирас болып қалған ел мен жерде мемлекеттілігімізді қайта жаңғыртқан ұлт ретінде Қазақстан Республикасының Қазақ Республикасы атануын халықтың басым бөлігін құрайтындықтан қазақ ұлтының талап ету құқы демократия дәстүріне қайшы емес.

Сондай-ақ, «Реформалардың мән-маңызын халыққа түсіндіру», «Жаңа технологиялар арқылы халықты ауқымды реформаларға қатыстыру» деп аталатын өзге екі бағытта да оған кедергі болатын нәрсе жоқ. «Құрылтай – белгілі бір адамдар ғана бас қосатын жер емес. Ол, шын мәнінде, жалпыұлттық жиынға айналуы керек. Бұл – өте маңызды міндет. Біз Жаңа цифрлық технологияның мүмкіндігін кеңінен пайдалануымыз қажет. Сонда мемлекет пен халықтың қарым-қатынасы барынша тиімді болмақ. Мен Qurultay деген арнайы мобильді қосымша әзірлеуді ұсынамын. Сол арқылы халық елді жаңғырту туралы ой-пікірін онлайн режимде айта алады. Жұрт реформаның нақты пайдасын көруі қажет. Сондай-ақ, оған тікелей қатысуға мүмкіндігі болуы керек. Азаматтар өзекті мәселелер бойынша интерактивті сауалнамаға қатысады. Кез келген түйткілді шешу жолын ұсынып, елімізді жаңғыртуға өз үлесін қоса алады» деу арқылы Қасым-Жомарт Кемелұлы цифрлық демократияны дамытатын технологиялық платформа туралы тектен-тек айтпағаны анық.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ЖОЛДАУ

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ ЖҰМЫСЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ

2022 жылғы 20 маусымда Конституциялық Кеңес төрағасы Қ.Мәми Парламент палаталарының бірлескен отырысында Конституциялық Кеңестің «Қазақстан Республикасындағы конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы» жыл сайынғы жолдауын жария етті.

Кеңестің пікірінше, 5 маусымда республикалық референдумда қабылданған «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң қоғам мен мемлекетті одан әрі жаңғыртудың құқықтық негізін қалады. Конституцияға түзетулер мен олардың негізінде қабылданатын заңнамалық актілер Жаңа Қазақстанның дамуына ықпал етеді. Жолдауда Конституциялық Кеңестің 26 жылғы қызметі қорытындыланды.

Қ.Мәми атап өткендей, осы жылдары Конституциялық Кеңес 140-тан астам нормативтік қаулы қабылдады. Қоғамда резонанс тудырған отыздай заң конституциялық емес деп танылып, керісінше, бірқатар заңның Конституцияға сәйкестігі расталды. Сонымен қатар Кеңес Ата Заңның нормаларын ресми түсіндіру туралы 100-ден астам өтінішті қарады.

Парламентке еліміздегі конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы 27 жолдау ұсынылды. Оларда еліміздегі конституциялық бақылауды жүзеге асыру тәжірибесі ашылып, заң шығару процесін жетілдіру, заңнаманы Конституцияға сәйкес келтіру туралы және т. б. мәселелер көтерілді.

Төраға Кеңестің құқықтық ұстанымының заңдық күші алдағы уақытта да сақтала беретініне тоқталды. Бұл ұстанымдар еліміздің конституциялық құрылысының негіздері, мемлекеттің аумақтық тұтастығы, азаматтық институты, мемлекеттік рәміздерді пайдалану мәселелеріне байланысты жасалған. Кеңестің бірқатар шешімі қолданыстағы заңнаманың құрылымына, ұлттық және халықаралық құқықтың өзара әрекеттесуіне, нарықтық экономика қағидаттары мен меншік нысандарына, отбасы институтына, құқық қорғау жүйесіне, сайлау процесіне және адамның конституциялық құқығы мен бостандығын іске асыру тетіктеріне қатысты болған.

2018 жылдан бастап Конституциялық Кеңестің жанында Ғылыми-консультативтік кеңес жұмыс істейді. Оның отырыстарында құқық эволюциясының көптеген өзекті аспектілері қаралды. Осы жылдар ішінде көпвекторлы сыртқы саясат аясында Конституциялық Кеңестің халықаралық байланысы да дамыды. Ол БҰҰ, ЕҚЫҰ, Еуропалық Одақ құрылымдарымен, Еуропа Кеңесінің Венециялық комиссиясымен тығыз ынтымақтастықта жұмыс істеп келеді. Кеңес Конституциялық сот төрелігі жөніндегі дүниежүзілік конференцияның, Конституциялық бақылау органдарының еуразиялық қауымдастығының (төрағалық етеді) және Азиялық конституциялық соттар мен оған теңестірілген институттар қауымдастығының (2019–2021 жылы төрағалық етті) мүшесі болып табылады. Екіжақты қатынастар саласында 50-ден астам елдің конституциялық бақылау органдарымен тығыз байланыстар орнатылған.

Тұтастай алғанда, Конституциялық Кеңестің халықаралық қызметі құқықтық мемлекет қағидатын бекіту және Қазақстанның қолайлы имиджін қалыптастыру процесінде маңызды рөл атқарып отыр.

– Конституция – азаттығымыздың айшықты айғағы, егеменді Қазақстанның берік тұғыры. Республиканың жаңартылған Конституциясы заман талаптарына сай келеді, – деді Қайрат Мәми.

ҚР Конституциялық Кеңесінің баспасөз қызметі

ПІКІР

ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТТІҢ МАҢЫЗЫ ЗОР

Сот имиджі бір күнде, бір сәтте қалыптаспайды. Ел азаматтарының сотта сапалы да әділетті қорғану құқығын қамтамасыз ету салаға деген сенімді нығайтады. Конституция мен заң талаптарының мінсіз орындалуы, сот төрелігінің әділдігі – еліміздің кемел болмысының көрінісі. Ал, соттың имиджі судьяның сыртқы келбетіне, сөйлеу және жазу өнерін меңгеруіне, өз ойын сауатты жеткізіп, құқығын білуіне, моральдық мінсіздігі, мен судьяның этикалық нормаларын сақтауына қарап бағаланады.

Имидж (ағылшынның image сөзінен) – тұлғалардың анықталған тобына эмоционалдық-психологиялық ықпал ететін, мақсатты бағытта қалыптастырылған бейне. Сондай-ақ, сот имиджінің басым бағытының бірі – құқықтық мәдениет деңгейін арттыру. Себебі, болашақ ұрпақты қалыптастыруда құқықтық мәдениеттің маңызы зор.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен гүлденуінің негізі» атты алғашқы жолдауының бірінші бағытын «Заман талабына сай тиімді мемлекет» деп атап, халықпен тиімді кері байланыс орнатуды, қоғамдық диалог, ашықтық, адамдардың мұң-мұқтажына жедел назар аудару мемлекеттік органдар қызметінің негізгі басымдығы саналатынын айтты. Сот жүйесінде жүргізілген реформалар осы талап үдесінен шыға білді. Жалпы, соттардағы реформалар – азаматтар арасындағы даудың оңтайлы шешілуіне, көпшіліктің сот жүйесінде кәсіби қорғалуына септігін тигізеді.

Аружан АБДРАИМОВА,
Жаңақорған аудандық сотының аға сот приставы
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

ПАЙЫМ

«Сот пен дәрігер жоқ жерде өмір сүрмеңіз» дейді халық даналығы. Екі мамандық иесінің қадірлі болуы адамзат өміріндегі қажеттілігіне байланысты болса керек. Шындығында дәрігер – адам жанын арашалаушы болса, сот – қоғамның «жанын» емдеуші.

СОТ САЛАСЫ: КЕШЕ және БҮГІН

Қоғамдағы қауіпсіздіктің, әділдіктің, туралықтың кепіліне айналған соттың дамуына, тәуелсіздігін нығайтуға мемлекет тарапынан жіті көңіл бөлініп келеді. Әлемнің кез келген құқықтық, демократиялық елі үшін сот тәуелсіздігінің мәні мен маңызы өте зор. Ешкімге жалтақтамайтын, сыртқы ықпалдан толық қорғалған соттың алаңсыз қызмет етуіне кедергі болмайды. Сондықтан судьяның тәуелсіздігі еліміздің Конституциясымен арнайы бекітіліп, «Сот жүйесі және судьялар мәртебесі» туралы Конституциялық заңның көмегімен толық реттелген.

Тәуелсіз судья төрелікті заңға сәйкес бейтарап жүзеге асырады. Биліктің бір тармағы саналатын бұл құрылымға құрмет көрсету баршаның парызы. Сотқа ісі түскен азаматтар жасына, лауазымына, материалдық игілігіне қарамастан судьяға «Құрметті сот» деп ілтипат танытуы міндет. Сол секілді судьяның қойған сауалдарына бұлтақтамай жауап беріп, бұйрығын мүлтіксіз орындауға тиіс. Судьяның айтқанына бағыну – сот тәуелсіздігін мойындау, сот мәртебесіне бас ию ретінде бағаланады.

Сот саласындағы бүгінгі оң өзгеріс бір күнде пайда болған жоқ. Көпшілік куә болып отырған оң шаралар сот саласындағы сауатты реформалардың жемісі. Сонымен бірге, осы бастамаларды бірігіп жүзеге асырған бірлігі бекем ұжымның еңбегі туралы да айтпай кетуге болмайды. Сот саласындағы реформалардың дұрыстығына, әр қадамның сауатты жасалғанына еш күмән жоқ. Әсіресе, әлемді әбігерге салған пандемия кезінде отандық соттар іркіліссіз жұмыс істеді. Жаңа технология игіліктерін бүкіл республика көріп, біліп отыр. Осының нәтижесінде республикадағы барлық соттар күні бүгінге дейін іс материалдарын онлайн қарауда. Мұндай игілік уақытты үнемдеуімен, қаржыны ысырап қылмауымен құнды. Бұл жетістіктердің өзі қазақстандық соттың тәуелсіздік алған кезден неғұрлым өскенін, өркендегенін, дамығанын көрсетеді.

Расында кешегі сот пен бүгінгі сотты салыстыру мүмкін емес. Жүйедегі жаңашылдықтарға сәйкес құрылған мамандандырылған соттардың өзі қоғамға үлкен бетбұрыс жасады. Соның ішінде, кәмелетке толмағандар ісін қарайтын арнайы мамандандырылған соттардың құрылуы жаза басқан жасөспірімдерге деген жанашырлықтан туғаны ақиқат. Мұнда жасөспірімдерді жазаға тарту емес, өмірін бүлдірмеуге, тәрбиелеуге, түзелуіне жағдай жасауға маңыз беріледі. Басқа соттармен салыстырғанда кәмелетке толмағандар ісін қарайтын сот ғимараттарының безендірілуі де ерекше. Бұл жерде айыпты темір қоршауда емес, қарапайым орындықта отырады. Осының өзі бала психологиясын ойлағандықтан туған өзгеріс.

Қазақстандағы кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты балаларды қорғауда және ұлттық тәжірибені халықаралық стандарттармен сәйкестендіруде үлкен жетістіктерге қол жеткізді. Осы соттарда жұмыс істеу арқылы судьялар бір салаға бейімделіп, тәжірибесін жетілдірді. Бір салаға бейімделу судья қателігінің алдын алуға, әр істі сапалы қарауға септігін тигізеді. Мұндай өзгерістің барлығы қазақстандық сотқа тәуелсіздік алған кезден бастап жасалған тұрақты қамқорлық пен қолдаудың жемісі. Кешегі сот жұмысы мен бүгін соттың келбетін, кешегі сот тәуелсіздігі мен бүгінгі сот мәртебесіне қарап отырып егемендік алған кезден бері жасалған реформалардың ізсіз, нәтижесіз кетпегеніне қуанамыз. Осының бәрі бірлігі бекем ұжымның ынтымақтаса атқарған қызметінің жемісі.

Саида БОЛАТ,
Алматы қаласы кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы

ҚҰРМЕТ

Әр саланың бағытының түзу болуына, беделінің асқақтап, мәртебесінің биіктеуіне ықпал ететін көшбасшылар болады. Үндемей жүріп үлкен істер тындыратын осындай мамандар қашан да ортасына сыйлы. Еліміздегі биыл бірінші рет атап өтілгелі отырған «Судья және сот қызметкерлер күні» қарсаңында арамыздағы дара жандар, дана әріптестеріміз туралы үндемей кетуге болмайды. Өйткені, өз мамандығын шексіз сүйетін, өз саласына барлық күш-жігерін арнайтын әріптестеріміздің өнегелі істерін айтып, өмірлік ұстанымы туралы сөз қозғау арқылы өзгелерге ой салуға, үздік істерді дәріптеуге болады.

КӨПКЕ ҮЛГІ ӘРІПТЕС

Біздің Ақтөбе облысының сот жүйесінде де ерен еңбегімен, ерекше жұмысымен ел құрметіне бөленіп жүргендер аз емес. Солардың бірі – Ақтөбе қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы Сәуле Әбішева.

Сот саласында еңбек етіп келе жатқанына 32 жыл болған Сәуле Ұзақбайқызы бүгінгі биігіне бір күнде жеткен жоқ. Мектепті жақсы аяқтағаннан кейін әуелі Челябинс заң техникумын бітірген ол кейіннен білімін жетілдіріп Қазақ гуманитарлық заң университетінде «құқықтану» мамандығын алады.

«Генерал болуды армандамайтын солдат жоқ» демекші, заңгерлер арасында да судья болуды армандамайтындар кемде-кем. Өйткені, судья - мемлекет атынан төрелік етуші, құқықтық мәселелерді түйіндеуші. Сондықтан судьялықтан үміткер жандарға қойылатын талап жыл сайын күшейтілуде. Талап жоғары, сынақ көп болғанымен, судьялықтан үміттілер саны бір сәт те азайған емес. Керісінше, тура би болуды армандайтындар қатары жыл сайын көбеюде. Осылайша әділ бәсеке, жіті таңдау жасау арқылы сот корпусын лайықты кадрлармен қамтамасыз етуге мүмкіндік туды. Шындығында мәртебелі лауазымға тек мықтының мықтысы, білімділер арасындағы біліктісі іріктеледі. Сәуле Ұзақбайқызы да сондай кәсіби шеберлігін ортасы мойындаған маман.

Судьялыққа дейін әріптесіміз сот саласының қазанында қайнап, түрлі жұмыстарды атқарды. Сот кеңсесіндегі сырт көзге көріне бермейтін қыруар жұмысты атқару әр маманның шеберлігін шыңдауға, тәжірибесін арттыруға көмектесері анық. Сот жұмысының қыр-сырын іштей білген мамандардан сауатты судья шығатыны ешкімге жасырын емес. Сәуле Әбішева да сондай үлкен тәжірибе мектебінен өтті. Талай мықты төрағалардың ақылын тыңдап, судьялардың тағылымын көңіліне тоқыды. Сол үйренгендерін бүгінде жас буынға үйретуден жалықпай келеді.

Әріптесіміз 2005 жылы ҚР Президентінің Жарлығымен Ақтөбе қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотына судья болып тағайындалды. Сәуле Ұзақбайқызының содан бергі 16 жылдық өмірі осы сотпен байланысты. Әкімшілік құқық бұзушылықтар қоғамда жиі кездесетіндіктен, сәйкесінше сот жүктемесі де өте жоғары. Мұндай істерде бірыңғай тәжірибе қалыптастырып, азаматтардың күмән-күдігіне жол бермеу судьялардан терең білімді, үлкен ізденісті талап етеді. Сәуле Әбішеваның әрбір шығарған қаулысынан, әрбір қараған ісінен парасатының молдығы мен білімінің кеңдігі білініп тұрады.

Тәжірибелі әріптесіміздің үлкенге құрмет көрсетуімен бірге, өз білген, түйгенін жас судьяларға үйретуден шаршамайтын асыл қасиетін де айтпай кетуге болмайды. Уақыты қанша тығыз болса көмек сұрағандарға қол ұшын созып, жол көрсетуден жалықпайтын Сәуле Әбішева тәлімгерлік мектебін жалғастырып, ізінен ергендерге бағыт беретін қамқор адам. Жас мамандар осындай білікті судьялардың қолдауына, қамқорлығына әркез зәру.

Сондай-ақ, Сәуле Ұзақбайқызы отбасының да алтын қазығы. Қызметі мен отбасын қатар алып келе жатқан әріптесіміздің жанұялық жетістіктері әріптестеріне ерекше үлгі. Жұмысында жетістікке жеткен судьяның бала тәрбиесін, жанұя жарасымын да қатар алып келе жатқаны қуантады.

Осындай қазақтың іскер әйелінің ғана емес, қазақтың мықты анасының үлгісін көрсеткен Сәуле Әбішева секілді судьялар сот корпусында көп болғай!

А.МУСИНА,
Ақтөбе қаласы әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы

АБЫРОЙ

ТАРИХЫ ТЕРЕҢ МАМАНДЫҚ

Хатшы қызметінің тарихы сонау тереңнен бастау алады. Өткеннен алынған сабақтың болашаққа бағдар болуында хатшылық қызметтің маңызы зор. Соны түсінген хандар мен билеушілер кезінде жанынан жылнамашыны тастамаған. Ерлікті – мұра, білікті – өнеге ету үшін заманының таңдаулы оқиғаларын тасқа басып, тарихта қалдыруды жылнмашыларға тапсырған. Өз дәуірінің айтулы оқиғаларының айна-қатесіз, ұрпақтан ұрпаққа өзгертілмей қаз-қалпында жетуі осы хатшылардың жазу шеберлігі мен зердесіне байланысты болды. Сол жылнамашылардың маңызды қызметін бүгінде хатшылар лайықты жалғастыруда. Соның ішінде сот тарихын түзетін, сот хаттамаларын дайындайтын сот хатшыларының қиын да жауапты жұмысы туралы айтпай кетуге болмайды.

Сот отырысы хатшыларына да қойылатын міндет пен талап аз емес. Олардың қызметтік функциясы тараптар күнделікті куә болып жүргендей тек сот залында отырып хаттама түзумен шектелмейді. Сот отырыстарының ортақ тәртіпке сай, ешбір кедергісіз өтуі тиянақтылықты, жауаптылықты қажет етеді. Сот залындағы мінсіз қызмет сот хатшылары атқаратын жұмыстың беткі, тараптарға көрінетін жағы ғана. Ал көпшілік біле бермейтін қызметі бұдан гөрі ауқымды. Соның ішінде сот отырыстарын ұйымдастыру, сот қатысушыларын шақыру, олардың әр процеске кешікпей келуін қамтамасыз ету, сот отырыстарында тәртіптің бұзылмауын қадағалау сот отырысы хатшыларының негізгі міндеттерінің бірі. Төрелік алаңына келгендер сотқа байланысты сауалдарының жауабын сот хатшыларынан алады. Мұның өзі хатшыларды құқықтық жақтан білімін үнемі жетілдіріп отыруға, сауалдарға нақты жауап беруге итермелейді.

Сот отырыстарында небір даулы істер қаралады. Ел білетін, жұрт қадір тұтатын азаматтардың да сотқа ісі түсуі әбден мүмкін. Сот отырыстары ашық өтеді дегенімізбен, мемлекет тарапынан шектеу қойылатын істер де сот хатшыларының қатысуымен жүргізіледі. Мұндайда сот алаңындағы мәліметтердің, жеке басқа қатысты құпиялардың сыртқа шығып кетпеуі, көпшілікке таралмауы маңызды. Осыны ескере отырып сот хатшылары процесс барысында өзіне белгілі болған мәліметтерді көпшілікке таратпау міндетін басшылыққа алады.

Сот отырысының хатшысы сонымен бірге хаттаманың толықтығы мен дұрыстығы үшін жауап береді. Өйткені, бұл сот алаңында қаралған әрбір істің ресми жылнамасы. Әрине, хаттама дайындаудағы бұрынғы қиындықтардың барлығы қазір артта қалды. Жаңа технологиялар енгізіліп, сот отырыстары толықтай дыбыс-бейнетаспаларға жазылатындықтан хатшыларға енді әрбір қатысушының сөзін хатқа тізіп, толық хаттама әзірлеудің қажеттілігі жоқ. Бүгінде тек қысқаша хаттама жазылып, мұрағатқа таспамен бірге сақталады. Сот хатшысы хаттамада мәліметтерді бұрмалауға, қате деректерді енгізуге қақысы жоқ. Бұл үшін арнайы жауаптылық қарастырылғанын ұмытпауымыз керек. Сот отырысының қатысушылары кез келген уақытта осы таспаны сұратып, сот отырысын көріп таныса алады. Мұндай жаңашылдық сот хатшыларының жұмысын жеңілдетіп, қағазбастылықтан құтқарды. Өз бетінше ізденуіне, тәжірибесін шыңдауына ықпалын тигізді.

Арайлым ЖАҚЫПБЕК,
Қармақшы аудандық сотының жетекші маманы

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ШӨЛДЕМЕГЕН СУ ҚАДІРІН БІЛМЕЙДІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Отырысты ашқан Мәжіліс төрағасы Ерлан Қошановтың айтуынша, БҰҰ бағалауына сай әлемде әрбір бесінші тұрғын судың тапшылығын көріп отыр. Сонымен қатар, кезінде БҰҰ бас хатшысының болашақта су мұнайдан да қымбат болады деген сөзі бүгінгі күні шындыққа айналуда. Сарапшылар енді жыл сайын адамзаттың су ресурсына қажеттілігі шамамен 1 пайызға артады деп болжауда. Қазақстанда 2040 жылға қарай су тұтыну 46 пайызға көбейеді. Ал су ресурстарының тапшылығы жылына 12 текше километрге жетуі мүмкін. Бұған әсер етуші факторлар – халық санының өсуі, экономикалық дамудағы ерекшеліктер мен басқа да себептер.

Мемлекет басшысы былтырғы жолдауында алдағы бес жылда елді 100 пайыз таза ауызсумен қамтамасыз ету міндетін жүктеген болатын. Қазіргі таңда 1 543 ауылды таза сумен қамтамасыз ету керек. Демек, бұл бағыттағы жұмыс әлі де қарқын алуы тиіс. Осыған орай Үкімет Су кодексінің жаңа жобасын қыркүйекте Президент Әкімшілігіне, 2023 жылдың бірінші жартыжылдығында Парламент Мәжілісіне енгізбек. Бұл құжатта ең бастысы су ресурсын сақтауға және оларды тиімді пайдалануға бағытталған тетіктер қамтылуы тиіс.

Жиында баяндама жасаған Премьер-Министрдің орынбасары Ералы Тоғжановтың айтуынша, жаңа Су кодексінде негізгі бағыттар редакцияға ұшырайды. Олар елдің су-ресурстық әлеуетін сақтау, су пайдаланушыларды су үнемдеу технологияларын пайдалануға ынталандыратын тетіктерді айқындау, мониторингті цифрландыру, Қазақстанның су ресурстары әлеуетін есепке алу және болжау, сондай-ақ су ресурстарын басқарудағы ғылымның рөлін арттыру, ұлттық заңнаманы халықаралық құқық принциптерімен үйлестіру шаралары.

Жиында қосымша баяндама жасаған Мәжіліс депутаты Еділ Жаңбыршин су саласының өзекті мәселелерін ортаға салды. Қаншама бағдарлама қабылданса да тіршілік нәрінің сапасы мен қолжетімділігі талап деңгейінде емес. Бұған еліміздегі су ресурсы потенциалының әлі толық зерттелмеуі және бағаланбауы себеп. Осыған орай Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінде дайындалып жатқан су тұжырымдамасының горизонтын 2025 жылға дейін емес, 2030 жылға дейін ұзарту керек және бұл құжатты дайындауға арнайы ғылыми-зерттеу институттары мен мамандарды кеңінен тартқан жөн.

Су саласының бағыттарын басқару мен реттеу үш министрлікке бөлініп берілген, тіпті бізде трансшекаралық су ресурстарымен Сыртқы істер министрлігі де айналысып кетеді. Ал, көрші мемлекеттерде су шаруашылығымен тиісті министрлік немесе агенттік шұғылданады. Бізге де су саласына жауапты және Қазақстан атынан халықаралық деңгейде келіссөз жүргізетін тиісті министрлік құрылу қажет.

Еліміздің стратегиялық су ресурстарының бірі – жер асты су қорлары. Бүгінгі күні мемлекеттік 4324 су-кен орындары бар және халық тұтынып отырған ауыз судың 48 пайызы осы ресурстарға тиесілі. Алайда қоры анықталған жер асты сулары елімізде біркелкі орналаспаған және олардың локациясы су тапшы өңірлерден қашық жерде. Мысалы еліміздің батыс өңірлерінде тек Ақтөбе облысында ғана жер асты суларының қоры мол. Оны су тапшы Атырау мен Маңғыстау облыстарына жеткізуге болады. Бірақ, бұл жобалар үлкен қаражатты қажет етеді. Тағы бір мәселе, қазба байлықтардың игерілуіне байланысты, жерасты сулары зиянды заттармен ластануда. Қазіргі таңда жерасты суларын іздеу-барлау жұмысы жергілікті атқарушы органдар құзыретіне берілген. Бірақ жоспарлау және қаржыландыруда жүйелілік байқалмайды.

Қазақстан үшін суға қатысты қиындық саладағы халықаралық байланысқа қатысты болып отыр. Көрші мемлекеттермен трансшекаралық өзендер төңірегінде ондаған келісімшарт жасақталған, бірақ көңілден шығатындай нәтиже жоқ. Мысалы, трансшекаралық Жайық, Сырдария, Ертіс, Іле өзендерінің төмендеу және ластану деңгейі өсуде. Сонымен қатар, Орта Азия елдерімен біріккен су-энергетика концорциумын құру да созылып кетті. Жеті жылдан бері Қытай мен Қазақстан арасында трансшекаралық өзендердегі суды бөлу туралы келісімнің жобасы әлі біткен жоқ.

Халықты ауыз сумен қамтамасыз етуде де әлі нәтиже аз. Бізде ауыз сумен қамту көрсеткіші инфрақұрылымның бар болуымен анықталып жүр. Бұл нақты жағдайды көрсетпейді. Бүгінде бұл мәселенің шешімінде көшбасшы деп саналатын Атырау, Қызылорда және Маңғыстау облыстарының Ақтау, Жаңаөзен қалаларына және басқа да елді мекендерге ауыз су режиммен беріліп, тұрғындар қажетті көлемде ауыз суды ала алмай отыр. Тіпті, Ақмола облысының Талапкер ауылында су құбырлары тартылған, бірақ ішінде су жоқ. Осыған орай елді мекендерді ауыз сумен қамтамасыз ету инфрақұрылымымен қамтамасыз етілуі, ауыз судың нормаға сәйкес берілуі және сапасы секілді кемі үш индикатормен өлшену керек,

Тағы бір мәселе – кәрізді тазарту құрылыс жайларының тозуы. Сондай-ақ, суды техникалық қажеттілік үшін қайта пайдалану мүмкіндігінің жоқтығы. Елімізде әлі күнге дейін бірде-бір кәріз ғимараты талапқа сай жұмыс жасап тұрған жоқ. Алдағы уақытта олар модернизацияны қажет етеді, сондықтан жаңа жобаланатын нысандарға терең тазартатын инновациялық технологияны енгізу керек.

Тоқетерін айтқанда, су ресурсын басқарудың стратегиялық маңызды аспектісі – суды тиімді және үнемді пайдалану. Бұл үшін таяу мерзімде су ресурсына қатысты қолданыстағы заңнамалар қайта қаралып, олардың басты мақсаты мен принципі суды үнемдеу болуы тиіс. Үкімет суды үнемдеу жөнінде бөлек ұлттық жоба қабылдау керек. Еліміздің су ресурсын сауатты және тиімді басқару үшін бірыңғай интеграцияланған басқару жүйесін толыққанды енгізу де маңызды. Барлық салада су үнемдеу әдісі мен құралын енгізу, суды бөлу және есепке алу жөніндегі процестерді автоматтандыру және цифрландыру кезек күттірмейді. Су ресурсын тиімді пайдалану міндетіне жауап беретін интерактивті дерекқорларды, болжау әдісі мен экономикалық жоспарлау моделін әзірлеуге де назар аударылу керек.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

ҚАЗАҚСТАН ПОЛИЦИЯСЫНА – 30 ЖЫЛ

Биыл Қазақстан полициясының құрылғанына – 30 жыл. Қоғам тыныштығы мен қылмыстың алдын алудағы маңызды саланың бірі – криминалистика. Өйткені, күдіктіні анықтау мен қылмыстарды ашу, оқиға орнынан алынған заттай дәлелдемелер арқылы мән-жайдың ақ-қарасын ажырату криминалистердің мойнында. Бұл саланың бүгінгі жай-күйін ІІМ Жедел-криминалистикалық департаментінің бас криминалисі, полиция майоры Роллан МОЛДЫБАЕВТАН сұрап білген едік.

«КРИМИНАЛИСТИКА – ПОЛИЦИЯДАҒЫ МАҢЫЗДЫ САЛА»

– Роллан Батырханұлы, осы уақыт ішінде отандық криминалистика қалай дамыды? Салада қандай соңғы жаңалықтар бар?

– Криминалистика – ішкі істер саласында ойып алар орны бар ерекше қызмет. Өйткені, біздің сала қылмыстардың алдын алуға, жолын кесуге және тергеп-тексеру барысына жауап береді. Қылмыстың барлық мән-жайын анықтау үшін маман-криминалистер оқиға орындарын қарап-тексеруге жедел-тергеу тобының құрамына қатысады. Оқиға орнында қылмыскер қалдырған іздерді табу, бекіту, алу, олар бойынша криминалистикалық зерттеулер жүргізу, зерттеудің сапасы мен толықтығына байланысты жұмыстарды атқару біздің мамандардың мойнында. Бұдан өзге, олар криминалистикалық есептер бойынша тексеруді тікелей жүзеге асырады. Қазір қылмыстық істерді жүргізудің электрондық форматын енгізуге және істерді тергеп-тексеруді оңтайландыруға байланысты криминалистикалық зерттеулерді жүргізу бойынша жүктемелер саны артты. Сәйкесінше, олардың сапасына, толықтығы мен дұрыстығына қатысты криминалистердің жауапкершілігі де артты деген сөз. Міне, осындай жұмыстарды сапалы атқару үшін маманның жауапкершілігімен бірге материалдық-техникалық жабдықталу да мықты болуы тиіс. Бұл үшін қазір жедел-криминалистикалық бөліністер жүктелген міндеттерді атқаруға қажетті техникалық құралдармен қамтамасыз етіліп жатыр. Мысалы, заман талабына сәйкес жаңа модельдегі құрал-жабдықтарға уақытылы тапсырыс та жасалады.

Айта кету керек, бүгінгі күні жедел-криминалистикалық қызмет елеулі өзгерістерге ұшырады. Президенттің «Құқық қорғау органдары жүйесін одан әрі реформалау туралы» 1997 жылғы Жарлығын орындау үшін сол жылы «Сот сараптамасы туралы» заңға сәйкес ішкі істер органдарынан 400 бірліктен тұратын штат саны мен сараптамалық-зерттеу техникалары Әділет министрлігіне сараптама жүргізу функциясымен қатар берілді. Сөйтіп жаңа сот-сараптамалық органның қалыптасуы жүзеге асырылды. Ішкі істер органдарының криминалистері өздері криминалистикалық зерттеулер жасап, ІІМ мен Әділет министрліктері арасында бірлескен бұйрықпен бекітілген сот сарапшыларының тізіміне енгізілді. Сонымен бірге біздің қызмет сотқа дейінгі тергеп-тексеруді техникалық-криминалистикалық қамтамасыз етуді, криминалистикалық есептерді қалыптастыруды да қатар жүргізеді. Дегенмен, сараптамалық функцияның болмауына байланысты заттай дәлелдемелерді, мысалы, фотобейнелер есебі, қол таңбалары есебі секілді зерттеумен байланысты емес есеп түрлерін дамытуға ғана қол жеткіздік.

Президент Әкімшілігі, Қауіпсіздік Кеңесі Хатшылығы, Үкімет пен Бас прокуратураның қолдауымен 2012 жылы заңнамалық деңгейде ішкі істер органдарының криминалистикалық қызметті іске асыру бағытында құзыреті кеңейтілді. Соған сәйкес Қылмыстық-процестік кодекске ішкі істер органдары уәкілетті бөліністерінің мамандарына дәлелдемелер тізбесіне енген қорытындыны бере отырып, салыстырмалы зерттеу жүргізу құқығын беру бөлігіне өзгерістер енгізілді. Бұл қылмыстарды сапалы және уақытылы тергеп-тексеру барысына, оның ішінде сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жеңілдетілген нысанда жүргізуге елеулі оң әсерін тигізді деп айтуға болады. Жалпы алғанда бұл криминалистикалық есептер жүйесін дамытуға жаңа қарқын берді.

> *Отыз жылда елдегі криминалистика саласы оң өзгерістерге ұшырады. Ағымдағы жылдың алғашқы бес айында оқиға орындарын қарап-тексерудің 50%-дан астамы біздің мамандардың қатысуымен жүргізіліп, олар қазіргі заманғы криминалистикалық техниканың көмегімен әртүрлі іздерді алуға қол жеткізді. Заманауи жаңа технологияларды қызмет барысында кең қолданып жатырмыз.*

– Қызметтеріңізде қандай жаңа технологияларды пайдаланасыздар?

– Тәуелсіздікке қол жеткізгелі ІІМ қол және аяқ киім іздерінің, көлік құралдарының, бұзу құралдарының, қылмыс орындарынан алынған, криминалдық қарудан атылған оқтар мен гильзалар іздерінің, субъективті портреттің есептерін қалыптастыруға, портреттік зерттеулерді, ДНҚ, одорологиялық және психофизиологиялық зерттеулерді жүргізуге арналған аппараттық кешендерді сатып алды. Сондай-ақ, жедел-криминалистикалық бөліністерді жабдықтау үшін жылжымалы криминалистикалық зертханалар, оқиға орнын үш өлшемді модельдеу кешені, автоматтандырылған ақпараттық-іздеу бағдарламалық қамтылымдары бар криминалистің жұмыс орындары, автоматтандырылған баллистикалық іздеу кешені, шапшаңдықты өлшейтін оқ ұстағыштар және басқа да техника сатып алынды.

ДНҚ зертханасы қысқа мерзімде зерттеулерді, әсіресе, тергеп-тексеру 10 күндік мерзімде аяқталуы тиіс болған жағдайда жеңілдетілген сотқа дейінгі тергеп-тексеру бойынша істерді жүргізуге мүмкіндік береді. Сот сараптамасы орталығында бұл зерттеулер 3 айдан 6 айға дейін жүргізіледі. Ішкі істер органдарындағы осы мүмкіндіктердің арқасында оқиға орнынан алынған іздерді биологиялық зерттеу (ДНҚ) жедел жүргізіледі. Қылмыстың мән-жайы, атап айтқанда, кісі өлтірудің нақты орны, дәлірек айтсақ, кейбір жағдайда қылмыс жасалған орыннан мәйіттің орнын ауыстырғанда, қару саны мен қылмысты жасау тәсілі бойынша кісі өлтірген адамдардың санын анықтауға көмектеседі.

– Бізде криминалист мамандар қайда оқытылады?

– Бүгінгі күні ішкі істер органдарының жедел-криминалистикалық бөліністері үшін кадрларды даярлау Б.Бейсенов атындағы ІІМ Қарағанды академиясының базасында жүзеге асырылады. Оқыту аяқталғаннан кейін курсанттар криминалистика бойынша теориялық және практикалық білім алып қана қоймай, криминалистикалық зерттеулердің төрт түрін жүргізуге біліктілік құқығын алу мүмкіндігіне ие болады.

Қарағанды академиясының базасында біліктілікті арттыру шеңберінде ІІО ЖКБ қызметкерлері, ведомстволық ЖОО оқытушылары криминалистикалық зерттеулер әдістемелері бойынша оқиды. Осыдан кейін ғана криминалистикалық зерттеулерді жүргізуге құқықтарын растайтын біліктілік куәліктері беріледі. Бұдан бөлек, криминалист мамандарды оқыту ІІМ Орталық аппаратының базасында да тұрақты негізде жүргізілуде. Оқытуға отандық білікті мамандарымыздан басқа Беларусь Республикасының, Ресей Федерациясының ІІМ Сараптамалық-криминалистикалық орталықтары және оқу орындарының тәжірибелі қызметкерлері да тартылады.

– Отандық криминалистика саласының дамуына оң баға беруге бола ма?

– Отыз жылда елдегі криминалистика саласы оң өзгерістерге ұшырады. Ағымдағы жылдың алғашқы бес айында оқиға орындарын қарап-тексерудің 50%-дан астамы біздің мамандардың қатысуымен жүргізіліп, олар қазіргі заманғы криминалистикалық техниканың көмегімен әртүрлі іздерді алуға қол жеткізді. Заманауи жаңа технологияларды қызмет барысында кең қолданып жатырмыз. Айталық, криминалистикалық жарықтың аппараттық көздерін алып қарасақ, бұл биологиялық іздерді табуға көмектеседі. Ал динамикалық белгілер бойынша жеке басты сәйкестендіру бағдарламалары мен цианоакрилат және нингидрин камералары барлық заттардың беткі қабатынан көзге көрінбейтін іздерді табуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ магнитометрлер, металлодетекторлар, жарғыш заттар буының детекторлары, георадарлар, пилотсыз ұшу аппараттары, лазерлік 3D-сканерлеу жүйесі оқиға орнының үш өлшемдік моделін құруға қауқарлы құрал-жабдықтар болып табылады. Қазір бұрынғыдай емес, дәстүрлі қол іздерімен, трасологиялық іздермен қатар биологиялық іздер мен микробөлшектер де алынады.

– Фоторобот немесе субъективті портрет туралы не айтар едіңіз?

– Жалпы, куәгерлер мен жәбірленушілерден іс бойынша анықтауға жататын, оқиғаның мән-жайы туралы алынатын ақпараттың арасында оқиға орнынан жасырынған, іздестірілудегі және хабарсыз кеткен адамдардың сырт бейнесі туралы көрсетпелері маңызды орын алады. Тану үшін ауызша портретті құру, субъективті бейнені дайындау сияқты жеке басты анықтауға қажетті іс-шаралар адамның сырт бейнесінің белгілері туралы нақты ақпаратқа негізделеді. Кез келген субъективті портреттің негізі ізделіп жатқан адамның ойша образы деген сөз. Бұл екі тәсілмен жасалуы мүмкін. Біріншісі – суретшінің көмегімен суреті салынатын тәсіл, ал екіншісі – автоматтандырылған ақпараттық-іздеу жүйесінің (ААІЖ) көмегімен жасалады. ІІО жедел-криминалистикалық бөліністерінің штатында суретшілер жоқ. Алайда жеке суретшілер шақыртылған жағдайлар бар.

Криминалистер өз қызметінде ААІЖ-ны қолданады. ААІЖ-ның жетістігі композициялық портретті, адамдардың суретін автоматты кодтау және оларды дерекқорға енгізу, композициялық портреттер мен адамдардың суреттерінің дерекқорлары бойынша жаңа объектіні енгізу кезінде іздеуді іске қосудың автоматты режимі, сондай-ақ криминалистердің қарап шығуы үшін ұсынылатын тізімдерді құруға септігін тигізеді. Қазіргі таңда осының көмегімен қылмыстардың 1/5 бөлігі ашылуда.

Сұхбаттасқан
Жадыра АХМЕТОВА

ҮЛГІ

БІЛІКТІ МАМАНДАР БАҒБАНЫ

Еліміздің сот жүйесінің дамуына елеулі үлес қосып келе жатқан, судьялар арасында өзінің тәжірибесімен және үлгісімен ерекшеленген, сот жүйесінің ардагері Шералы Оразгелдіұлы ОРЫНБАЙ туралы ауқымды, мазмұнды дүние жазуға болады.

Шералы Оразгелдіұлы 1946 жылдың 20 қазанында Түркістан қаласы «Яссы» ауылында туылған.

1973 жылдың маусым айынан 1982 жылдың қыркүйек айына дейін Түркістан аудандық халық сотында сот мәжілісінің хатшысы болып қызмет атқарды.

1982 жылы Алматы қаласы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің заң факультетін сырттай оқып бітірді.

1982 жылдың қыркүйек айынан 1987 жылдың наурыз айына дейін Кентау қалалық мемлекеттік нотариалдық кеңсесінің аға нотариусы, одан кейін Түркістан қалалық мемлекеттік нотариалдық кеңсесінің нотариусы болып жұмыс атқарды.

1987 жылдың қазан айынан желтоқсан айына дейін Түркістан қалалық халық сотының судьясы міндетін атқарушы, 1990 жылдың мамыр айынан Кентау қалалық халық сотының судьясы, 1995 жылдың мамыр айынан Түркістан қалалық соты судьясы болып қызмет атқарды. 2010 жылғы 1 қарашадағы ҚР Президентінің №1089 Жарлығына сәйкес, отставкаға кетуіне байланысты қызметтен босатылды.

Шералы Оразгелдіұлы Орынбай өзінің саналы ғұмырын сот жүйесінің дамуына ғана емес, сонымен қатар сот жүйесінде қазіргі таңда қызмет атқарып жүрген бірқатар мамандарды тәрбиелеуге арнады. Осы еңбектері еленіп 2009 жылғы 30 қазанда Түркістан қалалық маслихаттың шешімімен Түркістан қаласының «Құрметті азаматы» атағыны ие болды. ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығына сәйкес «Облысқа сіңірген еңбегі үшін» медалімен наградталды.

Шералы ақсақал Семей ядролық полигонының ардагері ретінде ядролық полигоннан келген зардаптарды жою жөніндегі қоғамдық бірлестіктермен қатар бірігіп жұмыстар атқарды.

Шералы Оразгелдіұлы жұбайы Қаламқас Серикбайқызымен бірге – 3 қыз, 2 ұл тәрбиелеп өсірді.

2019 жылдың 25 қыркүйегінде 73 жасқа қараған шағында өмірден озып, мәңгілік мекенін киелі Түркістан қаласынан тапты.

Сот жүйесінің әрбір қызметкері өз қызметтік міндеттерін осылай адал және кәсіби атқаруға ниеттенсе сот жүйесінің қоғамда зор беделге ие болатынына кәміл сенемін.

М. ОҢЛАСОВ,
Түркістан облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы

БАСҚОСУ

КОМИССИЯ ӨЗГЕРІСТЕРГЕ ОҢ БАҒАСЫН БЕРДІ

2022 ЖЫЛҒЫ 17-18 МАУСЫМДА ВЕНЕЦИЯ ҚАЛАСЫНДА (ИТАЛИЯ) ЕУРОПА КЕҢЕСІНІҢ ҚҰҚЫҚ АРҚЫЛЫ ДЕМОКРАТИЯ ҮШІН ЕУРОПАЛЫҚ КОМИССИЯСЫНЫҢ (ВЕНЕЦИЯ КОМИССИЯСЫ) 131-ШІ ПЛЕНАРЛЫҚ СЕССИЯСЫ ӨТТІ.

Пленарлық сессияда Венеция комиссиясы Косово Конституциясына түзетулер жобасы, Молдованың сот билігі туралы кейбір нормативтік актілеріне өзгерістер енгізу туралы заң жобасы, Молдова прокуратурасы туралы заңға түзетулер жобасы, Моңғолияның саяси партиялар туралы заң жобасы, Түркияның сайлау заңнамасына түзетулер және басқа да құқықтық актілер бойынша бірқатар қорытындыларды талқылап, қабылдады.

Венеция комиссиясы мүшесінің Қазақстан Республикасынан орынбасары, Конституциялық Кеңес мүшесі-Үнизила Шапақ баяндама жасап, еуропалық орган мен халықаралық заң қауымдастығын елімізде жүргізілген конституциялық реформа туралы хабардар етті. Баяндама комиссия басшылығы мен отырысқа қатысушылардың үлкен қызығушылығын тудырды.

Венеция комиссиясы сессия шеңберінде Қазақстаннан Венеция комиссиясының мүшесі, ҚР Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссияның төрағасы Игорь Роговты Омбудсмен институты жөніндегі кіші комиссияның президенті етіп сайлады. Бұрын ол осы кіші комиссияның вице-президенті болған.

Венеция комиссиясының басшылығы Қазақстанда өтіп жатқан өзгерістерге оң баға беріп, қажет болған жағдайда сараптамалық көмек көрсетуге дайын екендіктерін білдірді.

ҚР Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссияның хатшылығы

ТҰЛҒА

Қасиетті Әулиеата топырағында 1947 жылы 5 мамырда өмірге келген бала Қали еңбек жолын ерте 1962 жылы тракторшы болып бастаған.

ҚАЖЫРЛЫ ЕҢБЕКТІҢ ҚАРА НАРЫ

Қара жұмыс істеп шыныққандықтан болар, ол ауылдағы қарапайым еңбек адамдарының жағдайын терең түсіне білді. Кейіннен бірқатар үлкен лауазымдарды атқарса да, өзінің қарапайым қазақы болмысынан ажыраған емес.

1966–1977 жылдары Қарағанды өңірінде Мемлекеттік кіріс басқармасында, Жезқазған облыстық атқару комитетінде абыройлы еңбек етті.

1982–1997жж. Алматы қаласындағы Жоғары партия мектебінің тыңдаушысы болды. Жезқазған обкомпартиясында, облыстық халық депутаттарының Кеңесінде, Жезқазған облысының Әділет департаментінің басшысы болып істеді.

1997–1998 жылдары Қали Жақанұлы Ақмола қалалық сотында судьялық қызметін бастады. Кейіннен 1998–1999 жж. Астана қаласы Алматы аудандық сотының судьясы болды.

Сонан соң 2002 жылдары Қазақстан Республикасы соттарының қызметін ұйымдастыру департаментінің жетекші маманы, бас маманы және басшысы лауазымдарында жұмыс атқарды.

2002–2010 жылдар аралығында Аршалы аудандық сотының судьясы қызметін атқарды, әділдік іздеп келген мыңдаған азаматтың құқығы мен заңды мүдделерін қорғай білді.

Қали Жақанұлы қызмет атқарған өңірлердің барлығында сот жүйесінің абырой-беделі арта түсті. Күн сайын адам тағдыры талқыға түсетін сот залдарында мемлекет атынан қабылданатын шешімдер әділдік, адалдық пен заңдылық принциптеріне негізделген.

Қазіргі таңда Қали Жақанұлы зейнеткерлікте болса да, Аршалы аудандық заң кеңесінің меңгерушісі болып жұмыс атқаруда. Кәсіби мерекемен құттықтай отырып, Қали ағамызға мықты денсаулық тілейміз!

Галина ШАЯХМЕТОВА,
Аршалы аудандық сотының кеңсе меңгерушісі
АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

КИЕ

АР ӨЛШЕМІ

Ана тілі – ата бабамыздан мирас болып келе жатқан баға жетпес мұра. Демек әр адам ана тілін көзінің қарашығындай қорғауға, оның тазалығын сақтауға тиіс. Ана тілі – ар өлшемі.

Қазіргі уақытта сот жүйесінде мемлекеттік тілді қолдану аясы жыл өткен сайын артып келеді. Сот жүйесінде барлық құжаттар, іс қағаздар мемлекеттік тілде орындалады. Сот ісін жүргізуде басымдық мемлекеттік тілге берілді.

Тіл – адамдар арасындағы қарым-қатынастың аса маңызды құралы ғана емес, ойлаудың, дүниетанымның, рухани мәдениетті жасаудың ұлттық ұжымдық тәрбиесін жинақтаудың, сақтаудың құралы. Жас ұрпақты тәрбиелеу, оларға ғылым мен білімді үйрету тіл арқылы жүзеге асады. Мемлекеттік тілді оқыта отырып, жастардың бойына елдік сана сіңіріліп, мемлекеттік рәміз, ұлттық діл, ұлттық болмыс туралы ақпараттар толық берілетіні анық. Біздің қазақ халқының тілі өте бай, айтылуға орамды, көркем тіл. Тіл – ақылдың өлшемі. Тіл – адамның барлық саналы өмірінің құралы: өнер-білімді, мәдениеттілікті, қоғамның белсенді азаматы болуды ол тіл арқылы үйренеді. Тіл оның ішінде біздің ана тіліміз еліміздегі халықтардың барлық іс-әрекетінің, қарым-қатынасының құралы болуы тиіс, оның мәдениетін жоғары сатыға көтеру әрбіріміздің борышымыз.

Тілге деген құрмет – халыққа деген құрмет. Демек әрбір қазақстандық мемлекеттік тілді құрмет тұта білуі тиіс. Тіл мәртебесі – ел мерейі.

Ә. БОЛАТОВА,
Маңғыстау облысы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы

МЕРЕЙ

АҚИҚАТТЫҢ АҚОРДАСЫ

Сот – сот төрелігін жүзеге асыру, құқық бұзушыларға мәжбүрлеу шараларын қолдану жолдарымен қоғамның және азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін заңсыз қол сұғушылықтан қорғайтын мемлекеттік орган.

Сот жүйесінің қызметі ҚР Конституциясының VII бөлігінде және «ҚР Сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» ҚР Конституциялық заңында айқындалған. Оны қабылдаудың негізгі мақсаты елде сот-құқықтық реформаны одан әрі жетілдіру.

Соттың мәртебесі, оның беделі мен тәуелсіздігі мемлекеттегі заң үстемдігінің нақты көрсеткіші болып саналады. Судьялар мен сот қызметкерлері, мемлекеттік қоғам өмірінде ерекше рөл атқарады. Себебі, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын сот төрелігі арқылы қамтамасыз ету, олардың әрқайсысын соттың қорғайтынына кепілдік беру, айыпталушының кінәсіздік презумпциясы, жәбірленушінің қылмыстан, билікті асыра пайдалану принциптерінен қорғау және басқа да бірқатар қағидаттарын сақтау арқылы жұмыс атқарады. Бүгінгі Қазақстанның сот жүйесі әлемнің ең беделді мемлекеттерінің халықаралық деңгейде танылған стандарттарына сәйкес келеді. Бүгінде күнтізбе 24 маусым – Судья және сот қызметкерлері күні мерекесімен толықтырылды. Бұл сот мамандарының мерейін өсіреді.

Кәсіби мереке – сот жүйесінде тынбай жұмыс атқарып жүрген сот мамандары мен судьялардың одан әрі беделін және жұмысқа деген ынталарын арттыруға үлкен үлесін қосады деген сенімдемін. Себебі, сот азаматтардың әділет іздейтін орны, ақиқаттың Ақордасы.

А.АХМЕДИЯР,
Хромтау аудандық сотының кеңсе бас маманы
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

ТАҒЫЛЫМ

МҰРАТЫМЫЗ – ТУРАЛЫҚТАН ТАЙМАУ

Желден еркіндік аңсаған әр қазақтың арманы еңселі ел болу еді. XI ғасырда өмір сүрген Жүсіп Баласағұн: «Икемді де, ойлы саясат және билеушінің мемлекетті басқарудағы сан қилы әдістерді игеруі, алуан мінезді қоғамды біріктіре алуы мемлекеттің гүлденуіне жағдай жасайды» деген екен.

Саяси тәуелсіздік – сот жүйесінің басқа билік тармақтарынан дербестігін, экономикалық тәуелсіздік – сот қызметін қаржылай қамтамасыз ету тікелей мемлекеттік бюджет есебінен жүргізілуін, ал іс жүргізудегі тәуелсіздік – судьялардың жоғары тұрған судьяларға, сот төрағаларына және әкімшілік аппаратына бағынышты болмауын білдіреді. Бұл ретте біздің сот жүйеміз әлемдік стандартқа сәйкес келеді деп айтуға болады. Солай болғанмен де біз осы қалыптасқан сот жүйесін тоқырауға ұшыратпауымыз керек. Осы орайда екі бағыттағы жұмыс ұдайы жалғасын табуы қажет деп ойлаймын. Біріншісі – сот жүйесін заманға сәйкес ұдайы жетілдіру болса, екіншісі – кадр мәселесі.

Қазақ халқының құқықтық жүйесінде билер сотының мәртебесі мен мәнін айқындайтын бірқатар айшықты қағидаттар мен нормалар қалыптасқан. Олардың негізі халықтың құқықтық түйсігіне терең бойлап, мазмұны мен мәнісіне жете баға берген. Мәселен, «Би – төрт нәрсенің құлы: адал еңбек, таза ниет, терең ой, әділдік». Айтылған ойдың астарлы мағынасынан биікті бағындырып, аққа жаршы болған судьяның тағдыры қандай болуы керектігін ұғына аласыз. Жалпы, бүгінгі таңда өркениетті елдерде қалыптасқан өлшемдер негізінде таразыласақ, сот төрелігінің әділдігі және оның жедел әрі толық орындалуы кез келген елдің кемел болмысының көрінісі болып табылады. Ал, оны жүзеге асыратын басты тұлға – судья. Сондықтан, әділдіктің айнымас жолында тер төккен қазыларымыз судья әдебінің нормаларын қатаң ұстануы қажет.

Конституцияға биыл 5 маусымда енгізілген өзгерісті жалпыхалықтық референдум арқылы халықпен кеңесіп, қабылдау игі бастама. Мемлекет басшысының жариялаған бұл үндеуі – жаңа дәуірдегі мемлекет тұрақтылығының кепілі. Саяси сындарлы диалог пен экономикалық маңызды реформалар қоғамдық гүлдену мен мемлекеттің ертеңіне үлкен үміт ұялатады. Конституциялық реформа бүкіл мемлекеттік үлгінің кешенді өзгеруіне бағытталған.

Қорыта айтқанда, біздің мәңгілік мұратымыз – ел тәуелсіздігінің құндылықтарын қорғайтын қуатты сот, адамгершілік келбеті айқын адал сот, турашылдықтан таймайтын әділ сот, әр адамның құқығын қажымай қорғайтын қайырымды сот болуға тиіс.

Зухра РАЙЫМХАНОВА,
Өскемен қаласы тергеу сотының судьясы
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

МІНДЕТ

МАМАНДЫҒЫМ – МАҚТАНЫШЫМ!

Құқықтық саясат тұжырымдамасына сәйкес сот жүйесін реформалау бағытындағы шаралар кеңінен қолға алынуда. Құқықтық реформалар жалпы мәселелері аясында сот жүйесінің айқындығын, ашықтығын қамтамасыз ету, азаматтардың сот жүйесіне деген сенімін арттыру, сот төрелігін сапалы атқару және азаматтардың заңды құқығын қорғаудағы соттар мен судьяларды мамандандыруды қолға алу, сот өндірісін жетілдіру міндеттері қойылды.

Реформалау шарасы барысында сот отырысы хатшысының үлесі зор. Ол әділ сот төрелігін жүзеге асыруда маңызды рөлді атқарады.

Сот отырысының хатшысына қажетті құзыреттер бойынша келесі талаптар қойылады: орнықтылық, бастамашылдық, жауапкершілік, қызметті тұтынушыға және оны хабарландыруға бағдарлану, жеделділік, ынтымақтастық қызметті басқару.

Сот отырысы хатшысының жұмысы сырт көзбен қарағанда, тараптардың жауаптарын хаттамаға түсіріп, іс құжаттарын реттеп отыратын қарапайым маман сияқты болып көрінеді. Алайда, бұл жұмыс өте күрделі және көптеген міндеті бар сала.

Заң талаптарына сәйкес сот отырысының хатшысы сот төрелігін жүзеге асыруға жәрдемдесетін, бірақ бұл ретте сот төрелігін іске асыру жөніндегі функцияны орындамайтын және судьяны алмастырмайтын іс жүргізу тұлғасы болып табылады.

Сот отырысының хатшысы арыз немесе іс сотқа түскеннен бастап архивке өткізуге дейінгі жұмыстармен айналысады: сот отырысын қарауға дайындайды, сот отырысына қатысушы адамдарды шақырады, құжаттарды жібереді, судьяның істі уақытылы қарауын қамтамасыз етеді, сот процесін ұйымдастырады, сот отырысына қатысады, хаттама жүргізеді, заңнама талаптарына сәйкес сот істерін ресімдейді, сот актілерін тараптарға және заңды күшіне енгеннен кейін орындауға жібереді,орындалуын бақылайды, орындалған сот істерін архивке тапсырады.

Бүгінде сот жүйесінде техникалық құралдардың озық үлгілері қолданылып, халықаралық стандартқа сай жабдықталған.

Сот отырысының хатшысына мемлекеттік қызметші санаты берілді. Сот отырысының хатшысы өз жұмысында ҚР Конституциясын, Конституциялық заңдарды басшылыққа алады және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңның талаптарын орындайды. Бұл жұмыс сауаттылық пен жауапкершілікті, іскерлік пен адалдықты,жұмыс көлеміне орай уақытпен санаспауды талап етеді.

Осыдан бірнеше жыл бұрын іс құжаттары, сот отырысының хаттамалары қолмен жазылды, кейіннен жазу машинкасында терілді, одан компъютерде толтырылды, қазіргі кездесот отырысының барысы дыбыс-бейнежазба арқылы таспаға жазылады. Істердің барлық қозғалысы «Төрелік» ақпаратттық жүйесінде тіркеліп, «Сот кабинетінен» іске қатысушылар қарай алады.

Өзім казіргі таңда Шалқар аудандық сотының бас маманы-сот отырысының хатшысы қызметін 18 жылдан астам уақыт абыроймен атқарып келемін. Еңбегім үшін Соттар әкімшісі басшылығының Алғыс хаттарымен, Құрмет грамотасымен марапатталдым. Қоғамдық жұмыстан да қалыс қалмай, «Сот жүйесінің үздік аудармашысы» республикалық конкурстың облыстық деңгейінде 2 орынды иелендім, ақын-жазушы Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына орай ұйымдастырылған «Өнерлі мемлекеттік қызметші» байқауында Алғыс хат алдым.

Жеткен жетістіктеріме, жұмысымның қыр-сырын меңгеруіме септігін тигізген, еңбектегі ұстазым деп мақтанышпен айта алатын адамым, ол – Шалқар аудандық сотында қырық жыл еңбек етіп, құрметті зейнеткерлікке шыққан Бибігүл апай.

Бибігүл Қитаманқызы Елеусенова еңбек жолын Шалқар аудандық сотында 1975 жылы қағаз тасушы (курьер) болып бастап, бас маман-сот отырысының хатшысы қызметінен 2015 жылы зейнеткерлікке шықты.

Бірге қызметтес болғанда аңғарғаным, ол кісінің әрдайым өз міндетіне және еңбек тәртібіне аса жауапкершілікпен қарайтыны. Күнделікті жұмысын жоспарлау, уақытты үнемдеу, біліктілікті арттыру Бибігүл Қитаманқызының өмірлік қағидасы. Кейіпкеріміздің 40 жылғы еңбегі ескеріліп, мадақтау қағаздары ҚР Жоғарғы сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаменті басшысы атынан «Сот жүйесінің ардагері» медалімен толықты.

Ұстазым Бибігүл Қитаманқызы өзінің кәсіби маман екенін бірден аңғартты. Сот саласы үшін аянбай еңбек ету, халық сенімін ақтау кез келген судьяның азаматтық парызы.

Ақмарал НҰРҰДИН,
Шалқар аудандық сотының бас маманы-сот отырысының хатшысы
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

ҚАЗЫНА

Біздің елде ғана емес, бүкіл әлем үшін дін мәселесі өте өзекті тақырып. Дүниежүзінде интернет желісі арқылы таралатын жат ағымдар мен қате көзқарастар елдің, адамзаттың болашағына нұқсан келтіреді. Ал исламтану және дінтану мамандары – сондай проблемаларды шешетін, болашағы зор мамандықтар.

ИСЛАМТАНУ – РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР КЕНІ

Мен өзім исламтану мамандығының 2-курсын аяқтадым. «Исламтану деген қандай мамандық? Қайда жұмыс істеуге болады?» – деген сұрақтарды жиі естимін. Ол туралы айтар болсам, исламтану – исламды, оның қағидаларын, тарихын, мәдениетін, мұсылман халықтарының құқықтарын оқытады. Ал исламтанушы – ислам туралы, рухани құндылықтар мен оның ізбасарларының нұсқауларымен таныстырады. Ислам ғалымдары, сонымен бірге, мұсылман халықтарының мәдениетін, тарихын, тілдерін зерттейді. Исламтану мамандығын бітірген түлек келесі мекемелерде қызмет атқара алады: Қазақстан қалаларының және облыстарының әкімдіктері – Дін істері жөніндегі басқармасы; Халал стандарттау; Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті Философия, саясаттану және дінтану институты және т.б. Яғни, осыдан біз қоғам үшін исламтану мамандығының аса жоғары рөл ойнайтынын байқаймыз.

Исламтану мамандарын даярлау еліміздің бірнеше медреселерінде, сонымен бірге ЖОО-ларда жүзеге асырылады. Соның бірі – әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті. Оның философия және саясаттану факультетінің дінтану және мәдениеттану кафедрасы «дінтану», «мәдениеттану» және «исламтану» мамандықтары бойынша кадрлар дайындайды. Кафедра бағдарламалары студенттің шығармашылық ойлау қабілетін жоғарылатуға бағытталған, ақпаратты жаңа сапалы деңгейде алуға мүмкіндік берсе, педагогтар таңдаған мамандықтарыңызды жете меңгеруге көмектеседі. Кәсіби және интеллектуалды, мәдени тұрғыдан шыңдалуға, өзіңіздің талантыңызды ашуға; әлеуметтік өзгерістерге бейімделу дағдыларын үйреніп, мінез-құлықтың позитивті үлгілерін қалыптастыруға септігін тигізеді.

Роза АРАЛБАЕВА,
әл-Фараби атындағы Қазақ ҰУ, Философия және саясаттану факультеті жанындағы «Исламтану» кафедрасы, 2-курс студенті

БАҒЫТ

ЖАУАПТЫ САЛАДАҒЫ ЖАҢАШЫЛДЫҚТАР

Төл мереке қарсаңынында өткенге баға бере кету артықтық етпейді. Тәуелсіздік жылдары ішінде сот саласы заман талабына сай қайта құрылып, мемлекеттік биліктің бір тармағы ретінде толық қалыптасты және азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғау сияқты маңызды міндеттер толыққанды орындалды. Сонымен бірге, төрт жыл сайын өткізілетін республика судьяларының съездерінде талқыланған, яғни сот саласының жұмысын оңтайландыру, ашықтық пен қолжетімділікті қалыптастыру, соттардың кәсіби біліктілігін арттыру, сот залдарын жүз пайыз дыбыс-бейнежазба құралдарымен қамтамасыз ету, алқабилер сотының ауқымын кеңейту, электронды сот төрелігінің қолданысын арттыру бағытында нақты жұмыстар атқарылды. Судьялар съезінде көтеріліп жүрген соттардың төл мерекесін күнтізбеге енгізу мәселесі де биыл шешімін тапты.

Сот жүйесі осы жылдар аралығында құқықтық мемлекеттің стандарттарына сай келетін шынайы тәуелсіздікке қарай қарқынды қадам басты. Сот жүйесінде болған түбегейлі өзгерістер баршаның сотқа қолы жетуін қамтамасыз етіп қана қоймай, кез келген тұлғалардың өз құқықтарын сот арқылы жүзеге асыруына жол ашты, азаматтардың сот билігіне сенімін күшейтті.

Сот төрелігін іске асыру, сот ісін жүргізудің барынша ашықтығына қол жеткізу бойынша жұмыстарды оңтайландырудың бірі заманауи цифрлық технологияларды қолдану болып табылады. «Сот кабинеті» ақпараттық сервисі, «Төрелік» ақпараттық жүйесі, гибридтік пошта жүйесі, «Сотқа шақыру қағазы», «SMS-хабарлама», «Дыбыс-бейне жазу» жүйелері халыққа электронды қызметті тиімді көрсетіп отыр.

«Сот төрелігінің жеті түйіні», яғни,«Мінсіз судья», «Үлгілі сот», «Әділ процесс», «Е-СОТ», «Оңтайлы орта», «Сапалы нәтиже», «Татуласу: сотқа дейін, сотта» деп аталатын жобалар аясында республика соттарында ауқымды шаралар атқарылды. Сондай-ақ, Билер кеңесі, «Виртуалды сот», «Түнгі сот», «Отбасылық сот», «Бітістіруші судья», «Отбасылық кеңес», «Сотқа дейінгі хаттама» қоғам игілігіне бағытталды. Бүгінгі күні сот отырыстары «WhatsApp», «TrueConf» және «Zoom» мобильді қосымшаларының көмегімен өткізілуде.

Қорыта келе, соттарда жүзеге асырылған реформалар дербес сот билігінің қалыптасуына, сот жүйесін кадрлық және қаржылық қамтамасыз етуді жетілдіруге, соттың тәуелсіздігін нығайтуға бағытталған.

Бақытжан ҚАЛДЫБАЕВ,
Жаңақорған аудандық сотының бас маманы-сот отырысының хатшысы
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

ТАРАТУ

3. ЖШС «KORKEM SERVIS GROUP» ұйымы, БСН 210940029241, заңды мекенжайы: Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Саймасай ауылы, Александр көшесі, 14, 1 пәтер, өзінің жойылғандығы туралы хабарлайды. Шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Саймасай ауылы, Александр көшесі, 14, 1 пәтер. Тел.: 87478452169.

10. «НұрДан» оқу орталығы» ЖШС (БСН 090640009289) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 020000, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Центральный ықшамауданы, 47 үй, 39 пәтер.

11. «ПромТоргРегион» ЖШС, БСН 151140009118, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, БҚО, Орал қаласы, Зашаған кенті, Цветочная көшесі, 9/2 үй.

12. «Ameli Stroy» ЖШС, БСН 170240003798, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Нұр-Сұлтан қаласы, Алматы ауданы, Шарль де Голль көшесі, 1А ғимарат, н.п.1а, индекс 010000. Тел.: 87013014965.

14. «TUBACEX, S.A.» (ТУБАСЕКС, С.А.) компаниясының Қазақстан филиалы, БСН 200641018645, есептік тіркеуден шығарылуы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, 050022, Абай даңғылы, 42, «Baykonyr» бизнес орталығы, 9-шы қабат.

ӘРТҮРЛІ

2. «Адал Арна» ЖШС, БСН 040340001878, өзіне «Азия Перспектива» ЖШС-н, БСН 160740011676, қосып алу арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Шымкент қаласы, Қапал батыр көшесі, Өндірістік аймағы, 15 ғимарат, тел.: +7(727)3010001, +7(727)3010005.

4. «Жайық Актобе Тас» ЖШС, БСН 120240020085, өзіне «Адал Арна Ачисай» ЖШС-н, БСН 160840024835, қосып алуы арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қаласы, Әбілхайыр хан даңғылы, 44Б, 2-қабат, тел.: +7(727)3010001, +7(727)3010005.

5. «Азия Перспектива» ЖШС, БСН 160740011676, «Адал Арна» ЖШС-не, БСН 040340001878, қосылу арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Есік қаласы, Алтын Адам аллеясы, құрылыс 132Г, тел.: +7(727)3010001, +7(727)3010005.

6. «Адал Арна Ачисай» ЖШС, БСН 160840024835, «Жайык Актобе Тас» ЖШС-не, БСН 120240020085, қосылу арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Орал қаласы, М.Ықсанов көшесі, құрылыс 44/4, 208 кеңсе, тел.: +7(727)3010001, +7(727)3010005.

7. «Capital» Арнайы қаржы компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі - Серіктестік) барлық мүдделі тұлғаларға 15 маусым 2022 жылы Серіктестіктің қатысушылары Серіктестіктің облигацияларын сату туралы шешім қабылдағаны туралы хабарлайды. Облигациялардың түрі - дисконтты, бөлінген активтермен қамтамасыз етілген. Шығарылымның тіркелген күні: 2022 жылғы 1 ақпан. Шығарылған облигациялар саны - 200 000 (екі жүз мың). Облигациялардың жалпы көлемі - 200 000 000 (екі жүз миллион) теңге. Егер сіз облигацияларды сатып алғыңыз келсе, өтінімдерді Серіктестіктің келесі электронды поштасына жіберіңіз toosfkcapital@mail.ru немесе Серіктестіктің келесі мекенжайына жіберіңіз: Қазақстан Республикасы, 050000, Медеу ауданы, Әйтеке би көшесі, 55.

8. «Capital» Арнайы қаржы компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі - Серіктестік) барлық мүдделі тұлғаларға 15 маусым 2022 жылы Серіктестіктің қатысушылары Серіктестіктің облигацияларын сату туралы шешім қабылдағаны туралы хабарлайды. Облигациялардың түрі - дисконтты, бөлінген активтермен қамтамасыз етілген. Шығарылымның тіркелген күні: 2022 жылғы 5 наурыз. Шығарылған облигациялар саны - 300 000 (үш жүз мың). Облигациялардың жалпы көлемі - 300 000 000 (үш жүз миллион) теңге. Егер сіз облигацияларды сатып алғыңыз келсе, өтінімдерді Серіктестіктің келесі электронды поштасына жіберіңіз toosfkcapital@mail.ru немесе Серіктестіктің келесі мекенжайына жіберіңіз: Қазақстан Республикасы, 050000, Медеу ауданы, Әйтеке би көшесі, 55.

9. «Investment Finance Group» Арнайы қаржы компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі - Серіктестік) барлық мүдделі тұлғаларға 15 маусым 2022 жылы Серіктестіктің қатысушылары Серіктестіктің облигацияларын сату туралы шешім қабылдағаны туралы хабарлайды. Облигациялардың түрі - дисконтты, бөлінген активтермен қамтамасыз етілген. Шығарылымның тіркелген күні: 2022 жылғы 19 сәуір. Шығарылған облигациялар саны - 200 000 (екі жүз мың). Облигациялардың жалпы көлемі - 200 000 000 (екі жүз миллион) теңге. Егер сіз облигацияларды сатып алғыңыз келсе, өтінімдерді Серіктестіктің келесі электронды поштасына жіберіңіз toosfkinvestment@mail.ru немесе Серіктестіктің келесі мекенжайына жіберіңіз: Қазақстан Республикасы, 050000, Медеу ауданы, Әйтеке би көшесі, 55.

13. Қоғамдық тыңдаулар туралы хабарландыру
Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес, «КАТАДА» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 081040000412, қоғам мүшелерін 2022 жылы 15 тамыз сағат 15.00-де өтетін ашық жиналыстар түріндегі қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды. Мекенжайы: Еңбекшіқазақ ауданының әкімдігі, Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Есік қаласы, Ж.Жабаев даңғылы, 21, пошталық индексі 040402. Жұмыс жобасы: Қоршаған ортаны қорғау бөлімі. Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданындағы Балтабай-5 құм-қиыршық тас кен орнындағы тау-кен жұмыстарының жоспары. Қосымша ақпарат пен құжаттаманы https://ecoportal.kz Бірыңғай экологиялық порталында алуға болады. «КАТАДА» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің байланыс деректері: электрондық пошта: buh1105@mail.ru, +77071300003.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetyisaity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 208 кеңсе.

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы,Крупская көшесі,61,кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Иляев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ.,К.Мұхаметханов көшесі,23 «А»,104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18,8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК, Петропавл қ.,К.Сүтішов көшесі,58,30-бөлме,3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57,ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаметінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05,ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779,e-mail:zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ.,Л.Толстой көшесі,28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8,«Лина» шаштаразы. ardawka_94@mail.ru,Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби 119-үй,407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы,Қазақстан Конституциясы көшесі,28-үй,1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77,8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Servise», Тараз қаласы, Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222,ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы,60. Тел.: 8(7232) 578414,ұялы тел.: 87772256506.

АРДАГЕР

Елімізде әлеуметтік-экономикалық салалармен қатар сот-құқықтық реформалар да өз дәрежесінде дамып келеді. Жүйедегі дамуға, сот мәртебесінің артуына өзіндік үлес қосып жүрген сот мамандары жетерлік. Олардың алды бүгінде құрметті еңбек демалысында. Сондай абзал жандардың бірі – Жаңыл Жұмақызы Кенжебаева.

АДАЛДЫҚҚА ӨРІЛГЕН ҒҰМЫРНАМА

Жаңыл Жұмақызы 1953 жылы Кең Жылыойдың Қойсары атты елді мекенінде дүниеге келді. Әкесі Жұма Кенжебаев атамыз, кешегі өткен Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысып, қан кешкен, өмір мен өлім ортасында, оқ пен оттың арасында тағдырын таразыға салған, бірақ жаудан жүрегі қайтпаған қаһарман азамат болатын.

Соғыстан аман оралған соң ол кісі Махамбет ауданындағы Бақсай ауылындағы ауыл шаруашылығы мамандарын даярлайтын оқу орнында 6 айлық курста оқып, агроном мамандығын алып шығып, колхозда агроном, бригадир болып жұмыс жасайды. Жасының ұлғайған шағында совхозда мал бағып, зейнетке шығып, замандастарының ортасында бақытты ғұмыр кешіп, 1992 жылы өмірден өтеді.

Осы арада Жұма атамыздың дуалы ауыз, әңгімешіл адам болғанын да айта кету керек. Ауыл ақсақалдары бас қоса қалса, атамыздың әсерлі де әдемі әңгімесін сүйсіне тыңдап, қоштап отыратын. Жаңыл апамыз әкесінің мағынаға толы әдемі әңгімесін қасында жүріп, тыңдап өскенін жасырмайды.

Ол кісі 1974 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің заң факультетіне оқуға түсіп, 1979 жылы тәмамдап, жоғары білімді маман болып елге оралады. Келе салып Жылыой ауданының орталығы Құлсары кентіндегі аудандық ауыл шаруашылығы басқармасына заңгер болып орналасып, еңбек жолын жалғастырады.

Ол кезде аудандық сотта жалғыз судья және сот төрағасы болып қызмет атқарған Зағыпаров Қабдырахман атамыз, оқу бітіріп келген Жаңыл Жұмақызын шақырып алып, Халық заседателі ретінде қабылдап, өзі шақырғанда көмектесіп тұруы қажет екенін айтады.

Сол кезден бастап Жаңыл апамыздың сотпен байланысты өмірі басталады. Халық заседателі ретінде сот отырыстарына қатысып, Қ.Зағыпаровтың төрағалық етуімен қылмыстық, азаматтық істерді қарап, шешімдер мен үкімдер шығарып жүреді. Сондай-ақ, сот төрағасы кезекті еңбек демалысына кеткенде толықтай сот төрағасы міндетін атқару, Әділет басқармасы бастығының бұйрығына сәйкес, Жаңыл Жұмақызына жүктеледі.

Сол жылдан бастап Жаңыл Жұмақызы судьялық резервке қойылады.

1985 жылы Теңіз кен орны ашылуына байланысты мекемелердің, өндірістік бірлестіктер мен құрылыс трестерінің көбейген кезеңінде, Жаңыл Жұмақызы 1987 жылы «ТеңізМонолитСтрой» тресінде аға заңгер болып жұмысқа ауысады.

1988 жылы ауданда халық санының көбеюіне байланысты аудандық заң консультациясына, адвокаттық жұмысқа ауысады.

Судьялық резервте тұрған Жаңыл Жұмақызы адвокат болып жұмыс жасап жүргенде, сол кездегі облыстық Әділет басқармасының бастығы Елекеев Ирак Қасымұлымен Жылыойда ашылғалы жатырған бір судьялық штатқа ұсынылады.

1992 жылдың ақпан айынан бастап судьялық қызметке кіріседі.

Оның 36 жылдық заңгерлік, оның ішінде Жылыой аудандық сотында 20 жылдың үстінде жасаған судьялық қызметі оның өміріндегі қиыншылығы мен қуанышы қатар жүрген, есте қаларлық ерекше кезең болды. Ол өз ісін сүйгендіктен әр іске жауапкершілікпен қарап, әрдайым біліктілігін жетілдіріп отыруға күш салды. Судья ең алдымен заңға адал, әділ адам болуы керек. Сонда ғана әділдік үстемдік құра алады. Заманына қарай заңдар да өзгеріп, толықтырылып жатады. Соны ұдайы ізденіспен оқу, қолдана білу кәсіби де адамгершілік, ар-ождан тұрғысынан да басты парыз деп түсінді Жаңыл Жұмақызы.

Сотқа жүгінетін адамдардың дені – өмірлік қиыншылықтарға тап болған азаматтар, яғни аяғын шалыс басып, қылмысты болғандар, даулы жағдайға тап болғандар, қылмыстың салдарынан баласынан айырылған ата-аналар, жарынан айырылған жұбайлар, әкеден айырылған балалар. Жұмыс барысы осындай азаматтардың тап болған қиыншылықтарына адамгершілік тұрғысынан қарап, жан-дүниесін түсінуге тырысып, түсіністікпен сөйлесуді талап етеді. Жаңыл Жұмақызы жоғарыда айтылған міндеттерді ізгілікпен атқара білді. Содан да жұрттшылық құрметіне бөлене алды, абыройы артып, беделі биіктей түсті. Оған оның адал да абыройлы еңбегімен қол жеткізген, ие болған марапаттары, алған атақтары куә десек, артық айтқандық болмас.

Айталық, адал еңбегінің арқасында 2006 жылы жұмыс қорытындысымен облыс бойынша жылдың үздік судьясы номинациясына ие болды. Сондай-ақ, «Қазақстан Республикасының Конституциясына 10 жыл» мерекелік медалі, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты және республикалық судьялар одағының, Атырау облыстық сотының Құрмет грамоталарын иеленуі де қызметтегі жоғары дәрежелі жетістіктерінің жемісі деп білген жөн.

Аудандық ауыл шаруашылық басқармасында жұмыс жасап жүріп, болашағы үшін өмірлік тәжірибе алған Жаңыл Жұмақызы, сот жүйесінде қызмет атқаруда жоғары жауапкершілікті сезіне білді. Өзінің тағдырын сотпен байланыстырған Жаңыл Жұмақызы, бұл күндері еңбегінің зейнетін көріп отырған бақуатты да бақытты ана.

2012 жылдан бері отставкадағы судья Жаңыл Жұмақызының 2016 жылы 20 қарашада өткен судьялардың VII съезіне делегат болып сайланғаны және ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдық мерейтойына байланысты «Судьялар одағының Құрметті мүшесі» құрмет белгісімен марапатталғаны тағы бар.

Сонымен бірге, Жаңыл Жұмақызы зейнеткерлігіне қарамай, қоғамдық жұмыс ретінде «Атырау облысының билер кеңесі» қоғамдық бірлестігінің Жылыой ауданындағы бөлімшесінің төрайымы міндетін абыроймен атқарып жүр.

«Жылыой ауданының құрметті азаматы» Жаңыл Жұмақызы Кенжебаева – ардақты да асыл жар, аяулы ана, немере-жиендерінің сүйікті әжесі. Жары Сарғожиев Жақсылық та жоғары білімді маман, парасатты педагог, ұлағатты ұстаз. Ұрпақтары да бүгінгі таңда ел игілігіне абыройлы еңбек етіп жүр.

Оның өмірбаяны, ғұмырнамасы Отанға деген адалдықтың, халқына деген құрметтің биік өлшемі болып қала бермек.

А. БАЛМУХАНОВА,
Жылыой аудандық сотының судьясы
АТЫРАУ ОБЛЫСЫ

САНДЫҚ ФОРМАТ

ЖАҢАШЫЛДЫҚПЕН ЖЕТКЕН ЛЕП

Сот жүйесіне заманауи ақпараттық технологияларды енгізу, оның ішінде барлық сот процестерінде дыбыс-бейнежазба құралдарын қолдану – соттардың ашықтығын және халыққа бір қадам жақын болуды қамтамасыз ететін шаралардың бірі. Қазіргі кезде жергілікті соттарда сот отырыстары дыбыс-бейнежазба қондырғылары арқылы өткізіледі. Сонымен қатар, үн-бейнежазба шеңберінде қашықтан тергеу изоляторымен, түзеу мекемелерімен, басқа қалалармен сот отырыстарын бейнеконференцбайланыс арқылы өткізуге мүмкіндік береді, соттар бұл мүмкіндікті тиімді қолдануда. Жазба жүйесімен өткен сот отырысында хаттамамен бірге таспаны өткізуі арқылы, сот отырысы хатшыларының жұмысы жеңілдеді, процеске қатысушылардың сот отырысының хаттамасымен электрондық тасымалдағыштарда танысуға мүмкіндік бар. Оны өзгертуге ешкімнің құқығы жоқ, оның ішінде судья да оған өзгертулер, түзетулер енгізе алмайды. Жазылған бейне дыбыспен тыңдалып, көзбен көрініп тұрады. Бұл өз кезегінде сотқа жүгінген азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін шынайы қорғаудың сапасын одан әрі арттыра түсері анық. Қазіргі кезде сот жүйесінде ашықтық принциптеріне үлкен көңіл бөлініп, үлкен қадамдар жасалуда. Бүгінгі күні сот жүйесінде құқықтың үстемдігі жағынан үлкен жетістіктерге жетіп отыр. Ең бастысы, заман талабына сай технологияларды сот жүйесіне енгізу қарапайым халықтың игілігі үшін.

Н.КУЗДИБАЕВА,
Ақтөбе қаласы №2 сотының кеңсе бас маманы-сот отырысының хатшысы

ПӘРМЕН

ПАЙДАЛАНЫЛМАҒАН ЖЕРЛЕР МЕМЛЕКЕТ МЕНШІГІНЕ ҚАЙТАРЫЛАДЫ

Жер халықтың меншігі және оны пайдалануға, игеруге, иелігіне алуға Қазақстанның кез келген азаматы құқылы. Мұның бәрі ҚР Конституциясынан бастау алатын Жер кодексі арқылы реттелген. Осы ретте, бұл игілікті бүгінде өз тұрмыс-тіршілігін жақсартуға, көнкөріс мақсатына, бизнес, әртүрлі тұрмыстық мақсатқа пайдаланып отырған азаматтар көп. Оған билік заң шеңберінде кепілдік пен мүмкіндік берді. Мал, егін шаруашылықтары мен тағы басқа да салаларда Қазақстандағы жер аумағы тиімді игеріліп, ел кәдесіне жарап отыр. Алайда, бұл мәселеде бірқатар заңбұзушылықтар да орын алып, жерге қатысты даулар сотқа жететін жағдайлар да көп. Мәселен, соңғы кездері мемлекеттік бақылау заңсыз берілетін жайылымдық, шаруашылық, аграрлық мақсаттарға делінген жерлерге мониторинг жасап, тексерістер жүргізуде. Осы ретте, соттық, даулы мәселелер де бой көтерді. Бір ғана адамның мөлшерден тыс жерлерді заңсыз иеленуі, бұған дейін жалпы халықтық жайылым есебінде берілген жерлерді заңсыз қоршап алып, қарапайым халыққа қысастық жасауы БАҚ арқылы бүгінгі таңда көпшілікке жария болып жатыр.

Бұдан бөлек, жеке шаруашылыққа пайдалану мақсатында жергілікті әкімдіктерден алынған жерлердің жалға алған мерзімде еш өндеусіз, игі мақсатқа пайдаланусыз бос жатқан да жайлары бар. Міне, жергілікті әкімдіктер осындай мәселелерге сараптама жасап, бос жатқан жерлерді мемлекет балансына кері қайтару жұмыстарын бастап кетті. Нәтижелері де жоғары.

Азаматтық кодекстің 117-бабы 1-тармағына сәйкес, жер учаскелері жылжымайтын мүлікке жатады. Бұнымен қатар, мақсаты бойынша пайдаланылмайтын және игерілмеген немесе ҚР заңнамасын бұзып пайдаланылған жер учаскелерін мәжбүрлеп алып қоюға Жер кодексінің 92,93-баптарының негізінде және аталған нормативтік құқықтық актінің 94-бабында белгіленген тәртіппен жол беріледі.Алайда, бұл мәселеде екінші тараптың да жағдайы толықтай анализден өтеді. Соттардың меншік иесінің немесе жер пайдаланушының бұл мәселеге қатысты нақты қандай заңбұзушылықтарға жол бергенін, оларды қашан және кім анықтағанын, олар жер учаскелерін мәжбүрлеп алып қоюға негіз бола ала ма, бола алмай ма, заң бұзушылықтардың салдарын жоюға қатысты қандай шаралар қабылданғанын, қабылданып жатқанын анықтап барып, сот шешім қабылдайды.

М. МАҚСҰТОВА,
Алакөл аудандық сотының бас маманы-сот отырысының хатшысы
ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ

ИМИДЖ

ҚОҒАМДЫҚ ДИАЛОГ – ТҰРАҚТЫЛЫҚ НЕГІЗІ

Сот жүйесінің имиджі – соттарға жүктелген міндеттердің тиімді жүзеге асырылуымен, азаматтардың соттарға қолжетімділігі мен жеңілдетілген құжат айналымымен қалыптасады.

Ел азаматтарының сапалы да әділетті сотпен қорғану құқығын қамтамасыз ету, азаматтардың сотқа деген сенімін одан әрі арттырып, Конституция мен заң талаптарының бұлжытпай орындалуы, сот төрелігінің әділдігі мен толық орындалуы – еліміздің кемел болмысының көрінісі.

Ал, соттардың имиджіне – судьяның сыртқы келбеті, ауызша және жазбаша сөйлеу өнерін меңгеру, яғни өз ойын сауатты жеткізу, құқықты білу, моральдық мінсіздігі, судьяның іскерлік этикет ережелері мен этикалық нормаларын сақтау жатады.

Сот имиджінің басым бағыттарының бірі – құқықтық мәдениет деңгейін арттыру. Себебі, болашақ ұрпақты қалыптастыруда құқықтық мәдениеттің маңызы зор.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен гүлденуінің негізі» атты алғашқы жолдауының бірінші бағытын «Заман талабына сай тиімді мемлекет» деп атап, халықпен тиімді кері байланыс орнатуды, қоғамдық диалог, ашықтық, адамдардың мұң-мұқтажына жедел назар аудару мемлекеттік органдар қызметінің негізгі басымдықтары саналатынын айқындады. Сот жүйесінде жүргізілген реформалар осы талап үдесінен шыға білгені айқын. Жалпы, соттардағы реформалар – азаматтардың араларындағы даулардың оңтайлы шешілуіне, өз құқықтарының сот жүйесінде кәсіби қорғалуына үлесін тигізеді.

Сот төрелігінің ашықтығы мен қолжетімділігін нығайтуға ықпал ететін реформалар сот ісін жүргізуді оңайлатуға, істердің тез әрі сапалы қаралып шешілуіне, сот актілерінің тез орындалуына, соттардың имиджін арттыруға ықпал етеді.

Аружан АБДРАИМОВА,
Жаңақорған аудандық сотының аға сот приставы
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ
Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**
Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Нұр-Сұлтан	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы	Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59. Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы	Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 5527 дана
Апталық таралым 11 054 дана

Тапсырыс №85 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31